

А.М. Искиндирова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ

---

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



А.М. Искинди́рова, Л.А. Исакова, А.А. Жолдыбаева

# АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ

---

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

Literra

616.73  
#86  
2015

А.М. Искинди́рова, Л.А. Иска́кова, А.А. Жо́лдыбаева

# АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ

.....

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

А.М. Искинди́рова, Л.А. Иска́кова, А.А. Жо́лдыбаева

# АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ

.....

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

370168-

АХМЕТ ЕСЕНГАЛИНДЫ  
КАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
КІТАПХАНАСЫ  
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

Москва

Litterra

2015

**Авторлары:** *Искиндинова А.М.* — С.Ж. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.; *Искакова Л.А.* — С.Ж. Асфендияров ат. ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының аға оқытушысы; *Жолдыбаева А.А.* — Дипломнан кейінгі Алматы стоматологиялық институты ректоры, м.ғ.д., доцент.

**Жауапты редакторы:** *Төлеева Н.Ә.* — С.Ж. Асфендияров ат. ҚазҰМУ тілдік даярлық орталығының директоры.

**Рецензенттер:** *Дакенова К.Т.* — ҚазҰМУ қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.; *Какетаева И.З.* — Қазақ-Ресей медицина университетінің қалыпты анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.

**Авторы:** *Искиндинова А.М.* — канд. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Искакова Л.А.* — ст. преп. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Жолдыбаева А.А.* — д-р мед. наук, доц., ректор Алматинского стоматологического института последипломного обучения.

**Ответственный редактор:** *Төлеева Н.А.* — директор Центра языковой подготовки КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова.

**Рецензент:** *Дакенова К.Т.* — канд. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова; *Какетаева И.З.* — канд. мед. наук, доц. кафедры нормальной анатомии Казахско-Российского университета.

**Искиндинова, А. М.**

И86 Артросиндесмология : оқу құралы : учеб. пособие / А. М. Искиндинова, Л. А. Искакова, А. А. Жолдыбаева. — М. : Литтерра, 2015. — 208 б. : ил.

ISBN 978-5-4235-0153-2

Оқу құралында адамның қалыпты анатомиясы — Апат — 1(2)203 пәні бойынша қажетті синдесмология таралы мәліметтер берілген.

Материал қысқа, нақты берілген. Буындардың заманауи жіктелуі қолданылған. Оқу құралының соңында Халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкес анатомиялық терминдердің латын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөздігі келтірілген. Соңында өз бетінше дайындалу үшін тесттік тақырыптар мен сұрақтар берілген. Оқу құралы суреттермен көркемделген.

Оқу құралын дайындаған кезде академик А.Р. Рақышев еңбектеріндегі терминдер сөздігі мен суреттер пайдаланылды.

Оқу құралы 051301 — «Жалпы медицина» және 051302 — «Стоматология» бакалавры бойынша оқитын студенттерге арналған.

В учебном пособии содержатся сведения по частной артросиндесмологии в объеме, необходимом при изучении дисциплины «Нормальная анатомия человека» — Апат — 1(2)203.

Материал изложен кратко, лаконично. После каждого тематического раздела приведен словарь анатомических терминов на латинском, казахском, русском и английском языках в соответствии с Международной анатомической номенклатурой. В конце приведены вопросы для самоконтроля и тестовые задания.

В составлении учебного пособия были использованы термины и рисунки из трудов академика А.Р. Рақышева.

Пособие предназначено для обучающихся в бакалавриате по специальностям 051301 «Общая медицина» и 051302 «Стоматология».

УДК 616.74(075.8)

ББК 54.18я73-1

*Бұл басылымға ЖШҚ «Литтерра» Баспасы құқықты. ЖШҚ «Литтерра» Баспасының жазбаиша рұқсатынсыз басылымды толық немесе оның жеке бөлімдерін қандай түрде болмасын басып шығаруға және таратуға болмайды.*

*Права на данное издание принадлежат ООО «Издательство «Литтерра». Воспроизведение и распространение в каком бы то ни было виде части или целого издания не могут быть осуществлены без письменного разрешения ООО «Издательство «Литтерра».*

© Коллектив авторов, 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», 2015

© ООО «Издательство «Литтерра», оформление, 2015

ISBN 978-5-4235-0153-2

## МАЗМҰНЫ

Артросиндесмология ( <i>arthrosyndesmologia</i> ) .....	7
Буындардың жіктелу қағидалары .....	20
Бас сүйектерінің қосылыстары .....	27
Омыртқалар арасындағы қосылыстар .....	31
Омыртқа бағанасының бас сүйекпен қосылысы .....	35
Қабырғалардың қосылыстары .....	41
Кол сүйектерінің қосылыстары .....	43
Аяқ сүйектерінің қосылыстары .....	63
Бакылау сұрақтары .....	86
Өздігінен дайындалуға арналған тест түріндегі тапсырмалар ..	89
Глоссарий .....	194

## СОДЕРЖАНИЕ

Общая артрология ( <i>arthrologia</i> ) . . . . .	99
Принципы классификации суставов . . . . .	112
Соединения костей черепа. . . . .	117
Соединения между позвонками . . . . .	122
Соединение позвоночного столба с черепом . . . . .	127
Соединения ребер . . . . .	133
Соединения костей пояса верхней конечности . . . . .	135
Соединения костей пояса нижней конечности . . . . .	156
Контрольные вопросы . . . . .	181
Тесты для самостоятельной подготовки . . . . .	184
Глоссарий . . . . .	194

# **АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ**





# АРТРОСИНДЕСМОЛОГИЯ (*ARTHROSYNDESMOLOGIA*)

Артросиндесмология — буындар мен байламдар туралы ілім (гректің *arthros* — буын, *desmos* — байлам, *logos* — ілім деген сөздерінен шыққан). Адам денесінде әр түрлі сүйек қосылыстары (230-ден аса буын, шамамен 1000 байлам және т.б.) кездеседі.

Қанқа сүйектері өзінің даму филогенезінде үш кезеннен өтеді: дәнекертіндік, шеміршектік және сүйектік. Соған сәйкес сүйектер қосылыстары да дәнекертіндік, шеміршектік, сүйектік (синостоздар) немесе үздікті қосылыстар (синовиалдық қосылыстар немесе буындар) болып бөлінеді. Мұндай жіктелуге тек бассүйек күмбезінің сүйектері мен бет сүйектері жатпайды, олар дамудың екі кезеңінен ғана өтеді — дәнекертіндік және сүйектік. Сондықтан да олардың арасында шеміршектік қосылыстар да, синовиалдық қосылыстар да болмайды, олардың арасындағы қосылыстар тек дәнекер тіні немесе сүйек тіні түрінде ғана болады.

Онтогенезде сүйектер қосылыстарының дамуы филогенездік даму үдерісін сипаттайды. Жатыр ішілік дамудың 1–2 айында қанқанын бастамалары бір-бірімен мезенхима жолағы арқылы байланысады, ол біртіндеп дәнекер тінге немесе шеміршекке айналады. Қызметіне байланысты сүйек қосылыстары дәнекертін (фиброзды немесе эластикалық), шеміршек, сүйек тіні немесе буын болуы мүмкін.

Жатыр ішілік дамудың екінші айында сүйектің шеміршектік моделіндегі мезенхима тығыздала бастайды — бұл мезенхиманың шеміршек алдындағы тығыздалу кезеңі. Бұдан кейін түтікті сүйектердегі шеміршекті диафиздерінің қалыптасу кезеңі келеді, эпифиздері мезенхималық болып қала береді, ал болашақ буынның орнында мезенхима борпылдақтанып, буын қуысы пайда болады.

Басында ол мезенхималық тығыздалудың ортанғы бөлігінде орналасады. 3–4 айда сүйектердің диафиздері сүйектеніп,



оларда жілік майының өзегі пайда болады, ал эпифиздер шеміршектік болып қала береді. Буынның ішінде көмекші аппараттар дамиды (буын ішілік байламдар, дисктер, менисктер және қатпарлар). Бір мезгілде қоршаған мезенхимадан буын қапшығы, буын ішілік байламдар және синовиалдық қапшық пайда болады.

Буындық беттердің пішіні туылатын уақытта да қалыптасып бітпейді, себебі ұрықта және нәрестеде пішін түзу қызметінің әсері болмайды. Ұрықта буындық беттер жалпақ немесе шар тәрізді, буын қуысы үлкен, көмекші аппараттар тек туылатын уақытта ғана қалыптасып бітеді. Әрі қарай қозғалыстың әсерінен буындық беттер қажетті пішінге ие болып, буын қапшығы байламдармен және қоршаған бұлшықеттердің сіңірлерімен бекітіледі.

Жіктелуіне байланысты сүйектер қосылыстары екі негізгі түрге бөлінеді — үздіксіз және үздікті, олардың әрқайсысы өз кезегінде бірнеше топтарға бөлінеді.

Сүйектердің бедері көбінесе қосылыстардың белгілі бір түрін білдіреді. Үздіксіз қосылыстарға сүйектердің беттерінің бұдырлы, қырлы, төмпешікті, шұңқырлы болып келуі тән болса, үздікті қосылыстарға буын беттерінің пішіні әр түрлі болып келуі тән.

## ҮЗДІКСІЗ ҚОСЫЛЫСТАР

Үздіксіз сүйек қосылыстарының үш тобын ажыратады — фиброзды, шеміршекті және сүйектік.

Фиброзды қосылыстар — синдесмоздар немесе дәнекер тін арқылы қосылыстар. Оларға байламдар, жарғақтар, еңбектер, жіктер және қағулар жатады.

**Байламдар, *ligamenta*,** — бұл қосылыстар коллаген және эластикалық талшықтар будасынан тұратын дәнекер тін арқылы байланысады. Құрылысы бойынша құрамында коллаген талшықтары көбірек болса, байламдар фиброзды деп атала-

ды, ал құрамында эластикалық талшықтары көбірек болса — эластикалық деп аталады. Фиброзды байламдарға қарағанда эластикалық байламдардың ерекшелігі — жүктеме тиылғаннан кейін жиырылып, бұрынғы қалпына келе алады.

Талшықтарының ұзындығына байланысты байламдар ұзына бойына бірнеше сүйектерді байланыстырып тұратын ұзын (омыртқа бағанасының артқы және алдыңғы бойлық байламдары, қылқан үстілік байлам) және көршілес сүйектерді байланыстыратын қысқа (қылқан аралық, көлденен аралық байламдар, кол-аяк байламдарының көпшілігі) байламдар деп бөлінеді.

Буын қапшығына катысты буын ішілік және буын сыртылық байламдарды ажыратады. Соңғысын өз кезегінде қапшықтан тыс және қапшықтық деп бөледі. Байламдар сүйек қосылыстарының жеке бір түрі ретінде қызмет атқара алады:

- ✧ ұстап тұру және бекіту қызметі (сегізкөз-төмпе, сегізкөз-қылқан, қылқан аралық, көлденен аралық байламдар және т.б.);
- ✧ жұмсақ канка қызметі, яғни бұлшықеттердің басталатын және бекінетін жері бола алады (кол-аяк, омыртқа бағанасы байламдарының көпшілігі және т.б.);
- ✧ пішін түзу қызметі, яғни сүйектермен бірге күмбездер және тамырлар мен жүйкелер өтетін тесіктер түзеді (жауырынның жоғарғы көлденен байламы, жамбас байламдары және т.б.).

**Жарғақтар.** *membranae*, — бұл дәнекер тіні арқылы түзілетін қосылыстар, байламдардан айырмашылығы — сүйектер арасындағы көлемді аумақты алып жататын сүйек аралық жарғақ түрінде болады. Жарғақ құрамындағы дәнекер тін талшықтары коллагенді болады, олар қозғалысқа кедергі келтірмейтіндей бағытта орналасады. Олардың қызметі көп жағдайда байламдармен ұқсас болады. Олар сонымен қатар сүйектерді бір-біріне катысты ұстап тұрады (қабырға аралық жарғақтар, білек пен сирақтағы сүйек аралық жарғақтар), бұлшықеттердің бас-

талатын жерлері болып табылады (жоғарыда айтылған жарғақтар) және тамырлар мен жүйкелер өтетін тесіктер түзеді (жапқыш жарғақ).


**Енбектер, *fonticuli***, — бұл көп мөлшердегі аралық заты мен сирек орналасқан коллаген талшықтары бар дәнекер тінді құрылым. Енбектер туу кезінде бас сүйектерінің жылжуына жағдай жасайды және туылғаннан кейін сүйектердің қарқынды өсуіне әсер етеді. Мөлшері ең үлкен болатыны — алдыңғы енбек (30×25 мм). Ол бір жастың соңына қарай жабылады. Артқы енбектің мөлшері — 10×10 мм және туылғаннан кейінгі екінші айдың соңында жабылады. Жұп сына тәрізді және емізік тәрізді енбектердің мөлшері бұлардан да кішкентай болады. Олар туылғанға дейін немесе туылғаннан кейінгі екі аптада бітісіп кетеді. Енбектер бас сүйектерінің өсуінен және олардың арасында жіктерде болатын дәнекер тінінің түзілуінен бітіседі.

**Жіктер, *suturæ***, — бұл көп мөлшердегі коллаген талшықтары бар, бас сүйектерінің арасында орналасатын дәнекер тінінің жұқа қабаты. Пішіні бойынша жіктер тісті, қабыршақты және тегіс болып келеді. Жіктер бас сүйектерінің өсу аймағы болып табылады және қозғалыс кезінде амортизатор қызметін атқарып, миды, көру ағзасын, есту және тепе-теңдік ағзасын зақымданулардан қорғайды.

**Қағулар, *gomphosis***, — тістердің жақ сүйектердегі ұяшықтармен тығыз дәнекер тіні, яғни периодонт арқылы байланысуы. Бұл байланыс өте тығыз болғанымен де, тістерге жүктеме түскен кезде амортизаторлық қасиеті де бар. Периодонттың қалыңдығы — 0,14–0,28 мм. Ол ұяшықтың қабырғасынан тістің түбіріне қарай ұзына бойына перпендикуляр орналасқан коллаген және эластикалық талшықтардан тұрады. Талшықтардың арасында құрамында көп мөлшердегі тамырлары мен жүйке талшықтары бар борпылдақ дәнекер тіні жатады. Жақ сүйектерді бір-біріне қатты қысқан кезде антагонист тістің қысымынан периодонт қатты жаншылып, тіс ұяшыққа 0,2 мм-ге дейін батып кетеді. Жас ұлғайған сайын эластикалық


талшықтар азайып, жүктеме кезінде периодонт зақымдалады да, қандануы мен жүйкеленуі бұзылып, тістер босап және түсіп қалады.

Шеміршекті қосылыстар — синхондроздар. Бұл қосылыстар гиалинді немесе фиброзды шеміршектен тұрады. Бұл шеміршектерді бір-бірімен салыстыратын болсақ, гиалинді шеміршек серпімді, бірақ мықтылығы төмендеу болып келеді. Гиалинді шеміршек арқылы түтікті сүйектердің метафиздері мен эпифиздері және жамбас сүйектің жеке бөліктері қосылысады. Фиброзды шеміршек негізінен коллагенді талшықтардан тұрады, сондықтан мықтырақ, бірақ серпімділігі төмендеу болады. Мұндай шеміршекпен омыртқалардың денелері байланысады. Шеміршекті қосылыстардың мықты болуының тағы бір себебі, бір сүйектің сүйек қабы үзілместен екінші сүйекке ауысады. Шеміршек тұсында ол шеміршек қабына айналады да, ол шеміршекпен тығыз бітісіп, байламдармен бекітіледі (1-сурет).



**1-сурет.** Үздіксіз қосылыстар. Жіктер: 1 — тісті; 2 — қабыршақты; 3 — тегіс





**1-сурет.** Жалғасы. Үздіксіз қосылыстар: 4 — қағулар; 5 — синхондроз; 6 — симфиз



**1-сурет.** Жалғасы. Үздіксіз қосылыстар: 7 — синдесмоз

Синхондроздар тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін, яғни белгілі бір жасқа дейін болып, кейін сүйек тініне ауысады. Қалыпты физиологиялық жағдайда уақытша метаэпифиздік шеміршектер, жалпак сүйектердің жеке бөліктерін қосатын шеміршектер, шүйде сүйектің негізі мен сына тәрізді сүйектің денесі арасындағы шеміршек болады. Бұл қосылыстар негізінен гиалинді шеміршектен тұрады. Тұрақты шеміршектерге жататындар — омыртқа аралық дисктерді түзетін

шеміршектер; бас сүйек негізіндегі сүйектердің арасын қосатын шеміршектер (сына тәрізді-тасты және сына тәрізді-шүйде) және қабырғалардың алдыңғы шеміршекті бөліктері. Бұл қосылыстар негізінен фиброзды шеміршектен құралған.

Синхондроздардың басты қызметі — сүйекке қатты жүктеме түскен кезде сокқылар мен кернелулерді жұмсартып (амортизация), сүйектердің мықты байланысуын қамтамасыз ету. Шеміршекті қосылыстардың сонымен қатар өте қозғалғыш қасиеті бар. Қозғалыс көлемі шеміршек қабатының қалыңдығына байланысты: ол қалыңырақ болса, қозғалыс көлемі де үлкен болады.

Сүйек тіні арқылы қосылысты — *синостоздар* деп атайды. Бұл үздіксіз қосылыстардың ішіндегі ең мықтысы болып табылады, бірақ серпімділігі мен амортизаторлық қасиеті мүлдем жойылған. Қалыпты жағдайда синостоздануға уақытша синхондроздар ұшырайды. Кейбір ауруларда (Бехтерев ауруы, остеохондроздар және т.б.) сүйектену тек синхондроздарда ғана емес, барлық синдесмоздарда да жүруі мүмкін.

## ҮЗДІКТІ ҚОСЫЛЫСТАР

Үздікті қосылыстарға буындар немесе синовиалды қосылыстар жатады.

**Буын, *articulatio*,** — бұл үздікті қуысты қосылыстар, ішінде буын сұйықтығы бар буын қапшығының ішінде орналасқан шеміршекпен жабылған буындық беттердің қосылысынан түзіледі.

Буынның негізгі үш элементі бар: шеміршекпен жабылған буын беттері, буын қапшығы, буын қуысы.

**Буын беттері, *facies articulares*,** — бұл сүйектің буындық шеміршекпен жабылған бөліктері. Ұзын түтікті сүйектерде ол — эпифиздерінде, қысқаларында — басы мен негіздерінде, жалпақ сүйектерде — өсінділері мен денесінде орналасады. Буын беттерінің пішіні бір-біріне ұқсамайды, көбінесе бір



сүйекте басы болса, екінші сүйекте — шұңқыры, сирек жағдайда жалпак болады. Қосылысатын сүйектердің буындық беттері пішіні бойынша бір-біріне сәйкес, яғни конгруэнтті болуы керек. Көбінесе буындық беттер гиалинді (шыны тәрізді) шеміршекпен қапталған. Мысалы, шықшыт буынының буындық беттері фиброзды шеміршекпен қапталған. Буындық беттердегі шеміршектің қалыңдығы — 0,2–0,5 см, соның ішінде буындық шұңқырлардың жиектерінде қалыңырақ болса, буындық басында орталығында қалыңырақ болады.

**Буындық шеміршек, *cartilago articularis*** сүйекпен тығыз байланысқан. Шеміршектің терең қабаты ізбес тұздарымен араласқан, сондықтан оны ізбестелген немесе кальций карбонаты сіңірілген деп атайды. Хондроциттер (шеміршек жасушалары) бұл қабатта буын бетіне перпендикуляр, яғни қатар-қатар немесе баған болып орналасқан дәнекер тінді талшықтармен қоршалған. Олар буын бетіне түсетін күшке қарсы тұруға бейімделген. Шеміршектің беткей қабатында доға тәрізді орналасқан, терең қабаттан басталып, сол жерде аяқталатын дәнекер тінді талшықтар көбірек болады. Бұл талшықтар шеміршек бетіне параллель бағытталған. Бұдан басқа, бұл қабатта көп мөлшерде аралық зат болады, сондықтан шеміршек беті тегіс, жылтыр болып келеді. Шеміршектің беткей қабаты үйкеліс күшіне қарсы тұруға бейімделген. Жас ұлғайған сайын шеміршек ізбестеліп, қалыңдығы жұқарып, тегістігі азаяды.

Буындық шеміршектің маңызы — сүйектің буындық беттерінің кедір-бұдырларын тегістеп, оған конгруэнттілік береді. Эластикалық болғандықтан, ол сокқылар мен шайкалулардың күшін азайтады, сондықтан көп жүктеме түсетін буындарда буындық шеміршектер қалыңырақ болады.

**Буын қапшығы, *capsula articularis***, — бұл буын қапшығын герметикалық қоршап орналасқан, буын беттерінің жиектеріне немесе одан сәл әрі бекінетін қап. Ол сыртқы — фиброзды және ішкі — синовиалдық жарғақтан тұрады. Фиброзды жарғақ өз кезегінде екі қабат тығыз дәнекер тінді қабаттан тұрады —

сыртқы бойлық және ішкі дөңгелек қабат, мұнда кан тамырлары орналасады. Ол сыртынан көбірек жүктеме түсетін жерлерде буылтықтар түзе орналасатын байламдармен бекітіледі. Байламдар көбінесе буын қапшығымен тығыз байланысып жатады да, оларды тек қолмен ғана бөліп алуға болады. Буын қапшығынан бөлек тұратын байламдар сирек кездеседі, мысалы, кіші жіліншіктік жанама байлам. Аз қозғалатын буындарда фиброзды жарғақ қалыңдаған. Көп қозғалатын буындарда ол жұқа, әлсіз тартылған, кейбір жерлерінде жұқалығы сондай, синовиалдық жарғақ сыртқа қарай бұлтиып шығып тұрады. Осылайша синовиалдық айналулар (синовиалдық қаптар) пайда болады, олар көбінесе сіңірлердің астында орналасады.

Синовиалдық жарғақ буын қуысына қарап орналасқан, канмен молынан камтамасыз етілген, ішінен буын сұйықтығын бөлетін синовиоциттермен астарланған. Синовиалдық жарғақ ішінен буын қуысын түгелдей қаптап, сүйектерге және буын ішілік байламдарға ауысады. Ол тек шеміршегі бар жерлерді ғана бос қалдырады. Синовиалдық жарғақ тегіс, жылтыр, көптеген өсінділер — бүрлер түзуі мүмкін. Кейде бұл бүрлер үзіліп, бөгде дене сияқты буын беттерінің арасына түсіп кетеді де, аз уақытқа ауырсыну тудырып, қозғалысқа кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайды «буындық тышқан» деп атайды. Синовиалдық жарғақ бірден фиброзды жарғақтың үстінде жатуы мүмкін немесе одан синовиалдық асты не майлы қабатпен бөлініп жатады, сондықтан фиброзды, ареолалық және майлы синовиалдық жарғақтарды ажыратады. Синовиалдық сұйықтық құрамы және түзілу сипаты бойынша синовиалдық жарғаққа жақын жатқан капиллярлардан алынған кан плазмасы немесе лимфадан алынатын сұйықтық — транссудат болып табылады. Буын қуысында бұл сұйықтық түсіп қалған синовиоцит жасушалары мен үйкелген шеміршек детриттерімен араласады. Бұдан басқа, синовиалдық сұйықтықтың құрамына муцин, мукополисахаридтер және жабысқақ сипат беретін гиалурон қышқылы кіреді. Сұйықтықтың мөлшері буынның

көлеміне байланысты және 5 мм-ден 5 см-ге дейін болады. Синовиалдық сұйықтықтың қызметі:

- ◇ буындық беттерді майлайды (қозғалыс кезіндегі үйкелісті азайтады, жылжуды күшейтеді);
- ◇ буындық беттерді бекітіп, бір-бірімен белгілі бір қашықтықта ұстап тұрады;
- ◇ жүктемені азайтады;
- ◇ буындық шеміршекті коректендіреді;
- ◇ зат алмасуға қатысады.

**Буын қуысы.** *cavitas articularis*, — бұл буын беттерімен және қапшығымен шектеліп, синовиалдық сұйықтықпен толған герметикалық жабық кеңістік. Зақымдалмаған буында буын қуысын шартты түрде ғана бөліп көрсетуге болады, себебі буын беттері мен қапшығы арасында бос жер жоқ, синовиалдық сұйықтықпен толып тұрады. Қуыстың пішіні мен көлемі буын беттерінің пішіні мен қапшығының құрылысына байланысты. Аз қозғалатын буындарда ол кішкентай, ал көп қозғалатын буындарда — үлкен және бұлтиып, сүйектердің, бұлшықеттердің және сіңірлердің арасына таралуы мүмкін. Буын қуысында қысым теріс болады. Буын қапшығы зақымдалған кезде қуысқа ауа кіріп, буын беттері ажырап кетеді.

Негізгіден басқа буындарда қосымша элементтер де болуы мүмкін, олар буынның қызметін барынша қолайлы, тиімді етеді. Олардың негізгілері: буын ішілік байламдар, буын ішілік шеміршектер, буындық ернеулер, синовиалдық қатпарлар, дән тәрізді сүйектер және синовиалдық қаптар.

**Буын ішілік байламдар,** *ligamenta intraarticularia*, — бұл синовиалды жарғақпен жабылған фиброзды байламдар, тізе буынында, қабырға басы буынында және ұршық буынында буын беттерін байланыстырып тұрады. Олар буын беттерін бір-біріне байланысты ұстап тұрады. Бұл қызметі әсіресе, тізе буынындағы крест тәрізді байламдарда анық көрінеді. Олар үзіліп кеткенде «жылжымалы жәшік» белгісі пайда болады, тізе буынын бүккен кезде сирақ санға қарағанда алға және артқа

карай 2—3 см-ге жылжып кетеді. Ортан жілік басының байламы арқылы буын басын қоректендіретін тамырлар өтеді.

**Буын ішілік шеміршектер, *cartilago intraarticulars*,** — бұл буын беттері арасында табакша түрінде орналасатын фиброзды шеміршек. Буынды екі қабатқа толық бөліп тұратын табакша буындық диск, *discus articularis* деп аталады. Бұл кезде бөлінген екі қуыс пайда болады, мысалы, шықшыт буыны. Егер буын қуысы табакшамен жартылай ғана бөлініп тұрса, яғни табакшаның пішіні жарты ай тәрізді болып, жиектері буын қапшығымен бітісіп тұрса, бұлар — менискілер. Менискілер, *menisci*, тізе буынында бар. Буын ішілік шеміршектер буын беттерінің конгруэнттілігін қамтамасыз етіп, қозғалыс көлемін және оның әр алуандығын көбейтеді, соққыларды жұмсартып, буын беттеріне түсетін қысымды азайтады.

**Буындық ернеу, *labrum articularis*,** — бұл сакина пішінді фиброзды шеміршек, буындық шұңқырдың жиегін толықтырып, бір жиегімен буын қапшығын, екіншісімен буындық бетке ауысады. Буындық ернеу екі буында кездеседі: иық және ұршық (*labrum glenoidale et labrum acetabulare*). Ол буындық беттің аумағын үлкейтеді, оны тереңдетіп, сол арқылы қозғалыс көлемін шектейді.

**Синовиалдық қатпарлар, *plicae synoviales*,** — бұл тамырларға бай, синовиалдық қабықпен жабылған дәнекер тінді құрылым. Егер оның ішіне шелмай жиналатын болса, онда майлы қатпарлар түзіледі. Қатпарлар буын қуысының ішіндегі үлкен мөлшердегі бос кеңістікті толтырады. Буын қуысын кішірейте отырып, қатпарлар сонымен бірге қосылысатын беттердің тіркесуін күшейтіп, қозғалыс көлемін үлкейтеді.

**Дән тәрізді сүйектер, *ossa sesamoidea*** — бұл буын қапшығымен және буынды қоршап жатқан бұлшықеттердің сіңірлерімен тығыз байланысқан ендіріме сүйектер. Оның бір беті гиалинді шеміршекпен жабылған және сол бетімен буын қуысына қарап тұрады. Ендіріме сүйектер буын қуысын кішірейтіп, буындағы қозғалыс көлемін үлкейтеді. Олар сонымен қатар буынға әсер ететін бұлшықет сіңірлері үшін шығыршық



болып табылады. Ен үлкен дән тәрізді сүйек — тізе тобығы. Ұсақ дән тәрізді сүйектер қол басы, аяқ басы, бунақ аралық, бас бармақтың білезік-алақан буынында және т.б. буындарда кездеседі.

**Синовиалдық қаптар**, *bursae synoviales*, — бұл синовиалдық жарғақпен астарланған кішкене қуыстар, көбінесе буын қуысымен байланысады. Олардың көлемі — 0,5–5 см. Олар көп мөлшерде қол-аяқ буындарында кездеседі. Оның ішінде синовиалдық сұйықтық жиналып, жақын жатқан сіңірлерді майлайды.

Буындардың жіктелуін қарастыруға кіріспес бұрын айналу біліктері мен буындардағы қозғалыс түрлерін анықтап алу керек.

Буындардағы қозғалыс үш айналу білігінде жүзеге асырылады:

- ◇ фронталды (фронталды жазықтыққа сәйкес білік, денені алдыңғы және артқы беттерге бөледі);
- ◇ сагитталды (сагитталды жазықтыққа сәйкес білік, денені оң және сол жақ жартыға бөледі);
- ◇ вертикалды немесе өзінің меншікті білігі.

Қолдың вертикалды білігі тоқпан жіліктің басының ортасымен, тоқпан жілік айдаршығының басымен, кәрі жілік және шынтақ жіліктің бастары арқылы өтеді. Қолда — мықын сүйектің алдыңғы жоғарғы қылқанын, тізе тобығының ішкі жиегін және үлкен бақайды қосатын сызық арқылы өтеді.

Қосылысатын сүйектердің біреуінің буындық беті басы болса, ол шар, эллипс, ер-тоқым, цилиндр немесе шығыршық тәрізді болады. Осы беттерге буындық шұңқырлар да сәйкес келеді. Айта кету керек, буындық беттер бірнеше сүйектердің қосылып, белгілі бір пішін беруінен де пайда болады, мысалы, білезіктің проксималды қатарындағы сүйектерден түзілген буындық бет.

Буындардағы қозғалыстар буындық беттің геометриялық пішініне байланысты. Мысалы, цилиндр мен шығыршық тек бір білікте қозғалады; эллипс, сопақша, ер-тоқым — екі білікте; шар немесе жалпақ беттер — үш білікте.

Осы біліктерде мүмкін болатын қозғалыс түрлері 5 және 6-кестеде көрсетілген. Мысалы, фронталды білікте екі түрлі қозғалыс болады — бұғу және жазу (*flexio, extensio*); сагитталды білікте де екі түрлі қозғалыс болады — әкелу және әкету (*abductio, adductio*); бір біліктен екінші білікке ауысқан кезде тағы бір қозғалыс түрі — дөнгелек немесе конус тәрізді (*circumductio*); вертикалды білік бойынша — бір қозғалыс — айналу (*rotatio*), бірақ оның бірнеше түрі болады: ішке айналдыру, сыртқа айналдыру немесе супинация мен пронация.

Сонымен, буындарда барлығы 6 түрлі қозғалыс болады. Қосымша қозғалыстар, мысалы сырғу, серіппе тәрізді (қысылып немесе созылған кезде буындық беттердің алыстауы мен жақындауы) және бұралу. Мұндай қозғалыстар жеке буындарға емес, үйлесімді буындардың тобына тән, мысалы, омыртқа аралық буындар (2-сурет).

## БУЫНДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Адам организміндегі буындардың жіктелуі олардың сәйкес сипаттарына байланысты (3-сурет).

**I. Буындардың айналу білігіне және буын беттерінің пішініне байланысты жіктелуі.**

**Бір білікті буындар** — бұл қандай болса да бір ғана біліктің айналасында қозғалатын буындар. Көбінесе мұндай білік не фронталды, не вертикалды болады. Егер білік фронталды болса, мұндай буындарда бұғу және жазу қозғалыстары жүзеге асады. Егер білік вертикалды болса бір ғана қозғалыс — айналу болады. Буын беттерінің пішініне байланысты буындардың ішінде бір білікті болып табылатын буындар: *цилиндрлік* (айналу), *articulatio trochoidea*, және *шығыршық тәрізді, ginglymus*. Цилиндрлік буындар вертикалды білік бойымен,



2-сурет. Буындардағы қозғалыстар






2-сурет. Жалғасы. Буындардағы қозғалыстар

яғни айналма қозғалыстар жасайды. Мұндай буындарға мысал ретінде ауыз омыртқа-біліктік буынды, сонымен қатар проксималды және дисталды кәрі жілік-шынтак буынын айтуға болады.

Шығыршық тәрізді буын цилиндр тәріздіге ұқсас, бірақ вертикалды емес, горизонталды орналасады және буын басында қырқашығы, ал буын шұңқырында — шұңқыршығы болады. Қырқашығы және шұңқыршығы аркасында буын беттері жан-жаққа жылжи алмайды. Мұндай буындардың қапшығы алдыңғы және артқы жағынан бос келеді және әркашан



**3-сурет.** Буындардың түрлері: 1 — 1 және 2 мойын омыртқаларының арасында; 2 — шығыршық тәрізді буын — тоқпан-шынтак жілік; 3 — ер-тоқым тәрізді буын — трапеция мен алақан сүйек арасында; 4 — жалпақ — тілерсек буындары; 5 — мышелковый айдаршықты — радиус және білектік; 6 — шар тәрізді — ұршық буыны

қозғалыстарға кедергі келтірмейтін бүйір байламдармен бекітіледі. Шығыршық тәрізді буындар әрқашан фронталды білікте айналады. Оның мысалы ретінде бунақ аралық буындарды алуға болады.

Шығыршық тәрізді буынның бір түрі ретінде ұлу тәрізді, *articulatio cochlearis*, немесе винт тәрізді буынды алуға болады, оларда шұңқыршығы мен қырқашығы кифаш, винт тәрізді орналасады. Ұлу тәрізді буынға мысал ретінде иық-шынтақ буынын алуға болады, ол да фронталды білікте жұмыс істейді. Сөйтіп, бір білікті буындарда бір немесе екі түрлі қозғалыстар болады.

**Екі білікті буындар** — үш айналу білігінің ішінен екі білігінде ғана қозғалатын буындар. Егер қозғалыстар фронталды және сагитталды білікте болатын болса, мұндай буындар 5 түрлі қозғалыс жасай алады: бұғу, жазу, әкелу, әкету және айналдыру қозғалыстары.

Буын беттерінің пішініне байланысты бұл буындар эллипс тәрізді немесе ер-тоқым тәрізді (*articulatio ellipsoidea et articulatio sellaris*) болады. Эллипс тәрізді буындарға мысалдар: ауыз, омыртқа-шүйде және кәрі жілік-білезік буыны; ер-тоқым тәріздіге: бас бармақтың білезік-алақан буыны. Егер қозғалыстар фронталды және вертикалды білікте жүзеге асатын болса, онда қозғалыстың үш түрін ғана жасауға болады — бұғу, жазу және айналдыру. Пішіні бойынша бұл айдаршықты буындар, *articulatio bicondylaris*. Олардың мысалы ретінде тізе және шықшыт буындарын алуға болады.

**Айдаршықты буындар** — бұл бір және екі білікті буындар арасындағы ауыспалы түрі. Бұл жерде негізгі қозғалыстар фронталды білікте жасалады. Бір білікті буындардан айырмашылығы, оларда буындық беттерінің аумағы әр түрлі, сондықтан ол жерде қозғалыс көлемі де үлкейеді.

**Көп білікті буындар** — бұл буындарда қозғалыстар барлық үш білікте де жүзеге асады, яғни 6 түрлі қозғалыс түрін жасай алады.

Пішіні бойынша бұлар шар тәрізді буындар, *articulatio spheroida*, мысалы, иық буыны. Шар тәрізді буынның бір түрі тостаған тәрізді, *articulatio cotylica*, немесе жаңғақ тәрізді, *ar-*

*ticulatio enarthrosis* (мысалы, ұршық буыны). Бұл буындарға тән сипат — терең буындық шұңқыр, байламдармен бекітілген мықты буындық қапшық, бұл жерде қозғалыс көлемі де азырақ болады. Егер шардың бетінің радиусының қиғаштығы үлкен болса, онда ол жалпақ бетке жақын болады. Мұндай беті бар буын *жалпақ*, *articulatio plana* деп аталады. Жалпақ буындарға буындық беттерінің айырмашылығы айтарлықтай емес, байламдары мықты, қозғалыстардың өте шектеулі болуы немесе мүлдем болмауы тән (мысалы, сегізкөз-мықын буынында). Сондықтан бұл буындар аз қозғалатын (амфиартроздар) деп аталады.

**II. Буындардың буындық беттерінің санына байланысты жіктелуі.**

**Қарапайым буын**, *articulatio simplex*, — бұл екі буындық беттен ғана тұратын буын. Мысалы, бунақ аралық буындардың буындық беттері екі сүйектен ғана құралған.

**Күрделі буын**, *articulatio composita*, — бұл бір буын қапшығында бірнеше буын беттері, яғни барлығы бірге немесе әрқайсысы бөлек жұмыс істей алатын бірнеше қарапайым буын болатын буын түрі. Күрделі буынға мысал ретінде шынтақ буынын алуға болады, онда 6 буындық беттен 3 қарапайым буын түзіледі: иық-кәрі жілік, иық-шынтақ, проксималды кәрі жілік-шынтақ буындары.

**III. Буындардың бір мезгілде сәйкес жұмыс істеуіне байланысты жіктелуі.**

**Үйлесімді буындар**, *articulatio combinatoria* — бұл анатомиясы бойынша жеке, яғни бөлек буын қапшығында орналасқан, бірақ бірге қозғалатын буындар (3-сурет). Мысалы, шықшыт буыны, проксималды және дисталды кәрі жілік-шынтақ буындары. Айта кету керек, нағыз үйлесімді буындарда қозғалысты біреуінде ғана жасау мүмкін емес, мысалы шықшыт буындарының біреуін қозғалтып, екіншісін қозғалтпай қою мүмкін емес. Буын беттері әр түрлі буындар үйлесімді қозғалған кезде қозғалыстар айналу білігі аздау буында жүзеге асырылады.



## 1-кесте. Сүйек қосылыстарының түрлері

Үздіксіз (синартроздар), <i>synarthrosis</i>	Үздікті (диартроздар), <i>diarthrosis</i> (синовиалді қосылыстар немесе буындар), <i>articulationes synoviale</i>		
<p><b>I. Фиброзды қосылыстар,</b> <i>articulationes fibrosae</i> (дәнекер тін арқылы болатын қосылыстар немесе синдесмоздар):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– байламдар, <i>ligamenta</i>;</li> <li>– жарғақтар, <i>membranae</i>;</li> <li>– енбектер, <i>fonticuli</i>;</li> <li>– жіктер, <i>suturae</i>;</li> <li>– қағулар, <i>gomphosis</i></li> </ul> <p><b>II. Шеміршекті қосылыстар,</b> <i>articulationes cartilagineae</i> (шөміршек арқылы болатын қосылыстар немесе синхондроздар):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– гиалинді шөміршек арқылы қосылысу (уақытша);</li> <li>– фиброзды шөміршек арқылы қосылысу (тұрақты).</li> </ul> <p><b>III. Синостоздар,</b> <i>synostosis</i> (сүйек тіні арқылы қосылысу)</p>	<p><b>I. Буындардың айналу білігі және буындық беттерінің пішіні бойынша жіктелуі</b></p>		
	<p><b>1. Бір білікті:</b></p> <p>а) цилиндр тәрізді немесе айналатын <i>art. trochoidea</i></p> <p>б) шығыршық тәрізді, <i>ginglymus</i> бір түрі — ұлу тәрізді, <i>art. cochlearis</i> немесе винт тәрізді <i>art. trochlearis</i></p>	<p><b>2. Екі білікті:</b></p> <p>а) эллипс тәрізді, <i>art. ellipsoidea</i></p> <p>б) ер-тоқым тәрізді, <i>art. sellaris</i>;</p> <p>в) айдаршықты, <i>art. bicondylaris</i></p>	<p><b>3. Көп білікті:</b></p> <p>а) шар тәрізді <i>art. spheroida</i>, бір түрі — тостаған тәрізді <i>art. cotylica</i> немесе жанғақ тәрізді <i>art. enarthrosis</i>;</p> <p>б) жалпақ. <i>art. plana</i></p>
	<p><b>II. Буындық беттерінің санына байланысты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– қарапайым, <i>art. simplex</i>;</li> <li>– күрделі, <i>art. composita</i>.</li> </ul> <p><b>III. Бір мезгілде бірлесіп жұмыс істеуіне байланысты:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– үйлесімді, <i>art. combinatory</i></li> </ul>		

## БАС СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

Бас сүйектері бір-бірімен негізінен үздіксіз қосылыстар: синдесмоздар және аз мөлшерде — синхондроздар арқылы байланысады. Үздікті қосылыс — тек шықшыт буыны ғана (егер есту сүйекшелерінің қосылыстарын есептемегенде).

Ересек адамның бас сүйегінде синдесмоздар жік түрінде кездеседі. Жіктер арқылы бас сүйек күмбезінің және беттің сүйектері қосылысады. Бас сүйек күмбезі сүйектері арасында тісті және қабыршақты жіктер болады. *Ticmi жік, suture serrata*, шеке сүйектерінің арасында (сагитталды жік); маңдай және шеке сүйектері арасында (тәждік жік); шүйде және шеке сүйектері арасында (лямбда тәрізді жік) болады. *Қабыршақты жік, sutura squamosa* көмегімен самай сүйектің қабыршағы шеке сүйекпен және сына тәрізді сүйектің үлкен канатымен байланысады. Бет сүйектері тегіс жіктер, *sutura plana* арқылы байланысады. Жіктердің атаулары байланысатын сүйектердің атына байланысты, мысалы: *sutura frontozygomatica, sutura frontoethmoidalis* және т.б.

Ұрықтың, нәрестенің және екі жасқа дейінгі балалардың бас сүйегінде тегіс жіктерден басқа енбектер болады. Олардың ішінде ең үлкені — алдыңғы (маңдайлық) енбек, *fonticulus anterior (frontalis)*, маңдай сүйегінің екі бөлігінің және шеке сүйектерінің арасында орналасады. Пішіні ромб тәрізді және 2 жасқа қарай жабылады.

Артқы (шүйделік) енбек, *fonticulus posterior (occipitalis)* екі шеке және шүйде сүйегінің арасында орналасқан, пішіні үшбұрыш тәрізді, 2 айға қарай жабылады. Алдыңғы және артқы енбектер — так. Бұлардан басқа жұп енбектер де болады: сына тәрізді, *fonticulus sphenoidalis*, емізік тәрізді, *fonticulus mastoideus*. Енбектердің орнына кейінірек тісті жіктер пайда болады.


Шеміршекті қосылыстар — синхондроздар, бас сүйек негізінің сүйектеріне тән. Олар талшықты шеміршектен тұрады.

Балаларда сына тәрізді сүйектің денесі мен шүйде сүйектің негізгі бөлігі арасындағы уақытша синхондроз, *synchondrosis sphenoccipitalis* анық көрінеді. Сонымен қатар самай сүйек пирамидасы мен шүйде сүйектің негізгі бөлігі арасында тұрақты синхондроз — *synchondrosis petrooccipitalis* бар; сына тәрізді сүйектің үлкен қанаты мен самай сүйек пирамидасы арасында — *synchondrosis sphenopetrosal* және *foramen lacerum*-ді жауып тұратын шеміршек болады. Көбінесе, жас өскен сайын адамда шеміршек сүйек тініне айнала бастайды.

**Шықшыт буыны**, *articulatio temporomandibularis*, айдаршықты үйлесімді буын болып табылады. Ол төменгі жақ сүйектің басымен, *caput mandibulae*, төменгі жақ сүйектік шұңқырмен, *fossa mandibularis*, және самай сүйектің буындық төмпешігінен, *tuberculum articulare* түзілген. Төменгі жақ сүйектің басы пішіні бойынша айдаршыққа ұқсас және шеміршекпен негізінен алдыңғы жағынан қапталған. Талшықты шеміршек төменгі жақ сүйектік шұңқырды тасты-дабылдық саңылаудың алдыңғы жағынан ғана, буындық төмпешікті барлық жағынан астарлайды (4-сурет).

Шықшыт буынының ерекшелігі — буын беттерін сәйкестендіріп тұратын буындық дисктің, *discus articularis* болуы. Диск пішіні екі жағы ойыс линзаға ұқсайды. Буын қапшығы, *capsula articularis*, самай сүйекте буындық төмпешіктің алдыңғы жағына бекінеді, ал артқы жағынан — тасты-дабылдық саңылау деңгейінде бекінеді. Төменгі жақ сүйекте буын қапшығы айдаршықты өсіндінің мойны аймағына бекінеді (алдынан артына қарағанда 0,5 см жоғары). Буын қапшығы алдыңғы бөлігінде жұқалау болады, ішкі жағынан барлық бетімен буындық дискпен бітіскен, нәтижесінде буын қуысы жоғарғы және төменгі екі қабатқа бөлінеді. Төменгі қабатта синовиалдық жарғақ тек буын қапшығын ғана емес, сонымен қатар қапшық ішінде орналасқан айдаршықты өсіндісі мойнының артқы бетін де жауып жатады. Жоғарғы қабатта синовиалдық жарғақ буын қапшығының ішкі бетін астарлап, буын шеміршегінің жиегіне бекінеді.





**4-сурет.** Шықшыт буыны, оң жақ. Сыртынан қарағандағы көрінісі. Буын сагитталды тілінген. Бет сүйек доғасы алынған: 1 — төменгі жақ сүйектік шұңқыр; 2 — буын қуысының жоғарғы қабаты; 3 — буындық төмпешік; 4 — латералды қанат тәрізді бұлшық еттің жоғарғы басы; 5 — латералды қанат тәрізді бұлшық еттің төменгі басы; 6 — жоғарғы жақ сүйек төмпесі; 7 — медиалды қанат тәрізді бұлшықет; 8 — қанат тәрізді-төменгі жақ сүйек жігі; 9 — төменгі жақ сүйектің бұрышы; 10 — біз тәрізді-төменгі жақ сүйек байламы; 11 — төменгі жақ сүйек тармағы; 12 — төменгі жақ сүйектің басы; 13 — шықшыт буынының буын қуысының төменгі қабаты; 14 — буын капшығы; 15 — буындық диск

Буын қапшығын латералды жағынан латералды байлам, *ligamentum laterale* бекітеді. Ол самай сүйектің бет сүйектік өсіндісінің негізінен басталып, желпуіш тәрізді артқа және төмен бағытталып, айдаршықты өсінді мойнының артқы латералды бетіне бекінеді. Бұл байлам төменгі жақ сүйектің артқа жылжуын шектейді.

Буынды сонымен қатар сына тәрізді төменгі жақ сүйектік байлам, *ligamentum sphenomandibulare*, және біз тәрізді-төменгі жақ сүйектік байлам, *liamentum stylomandibulare* да бекітеді. Бірінші байлам сына тәрізді сүйектің қылқанынан басталады және төменгі жақ сүйектің тілшігіне бекінеді, ал екіншісі біз тәрізді өсіндіден төменгі жақ сүйек тармағының төменгі жиегінің ішкі бетіне барады.

Шықшыт буынында мынадай қозғалыстар болады:

- 1) фронталды білікте — төменгі жақ сүйекті түсіру және көтеру;
- 2) фронталды білікті алға қарай жылжыту — төменгі жақ сүйекті алға жылжыту және артқа қайтып әкелу;
- 3) вертикалды білікте — айналдыру.

Төменгі жақ сүйекті төмен түсіргенде иек шодыры доға жасағандай болады. Мұндай қозғалыс үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде аз көлемді қозғалыс тек төменгі қабатта жүзеге асады. Екінші кезеңде төменгі жақ сүйек айтарлықтай төмен түсіріледі, бұл кезде шеміршекті диск төменгі жақ сүйектің басымен бірге алға сырғып, буындық төмпешікке шығады. Қозғалыс бір мезгілде екі қабатта да болады. Үшінші кезеңде төменгі жақ сүйек барынша төмен түсіріледі. Ол буынның төменгі қабатында жүзеге асады, бұл кезде диск буындық төмпешікке жабысады. Төменгі жақ сүйекті шектен тыс төмен түсіргенде ол орнынан шығып кетуі мүмкін. Төменгі жақ сүйекті жоғары көтергенде осы кезеңдер бірінен кейін бірі кері бағытта жүзеге асады.

Төменгі жақ сүйектің айдаршықты өсіндісін буындық дисктерімен бірге жылжытқанда ол алға қарай сырғиды және екі буында да буындық төмпешікке шығып кетеді. Қозғалыстар бір мезгілде жоғарғы және төменгі қабаттарда жүзеге асады.

Төменгі жақ сүйекті бүйіріне қарай жылжитқанда, екі буында да айналу қозғалысы болады, бірақ он және сол буындарда бұл қозғалыстар әр түрлі. Мысалы, төменгі жақ сүйекті оңға жылжитқанда, аттас буындардың біреуінде шұңқырдың ішінде айналу болса, екіншісінде — басы дискісімен бірге төмпешікке шығып, айналма қозғалыс жасайды (4-кесте).

## ОМЫРТҚАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚОСЫЛЫСТАР

Адамда омыртқалар арасындағы қосылыстар олардың филогенез үдерісінде өткен жолын қайталайды. Басында бұл қосылыстар үздіксіз — синартроздар болады, олар қанқа дамуының 3 кезеңіне сәйкес алдымен синдесмоздарға тән сипатта, кейін синдесмоздармен қатар синхондроздар, соңында синостоздар (сегізкөз бөлімінде) пайда болады. Жалпы қозғалыстардың дамып-жетілуіне байланысты омыртқалардың арасында үздікті қосылыстар — диартроздар да пайда болады.


Осындай дамудың нәтижесінде адамның омыртқа бағанасында қосылыстардың барлық түрлері болады: синдесмоздар (көлденен және қылқан өсінділер арасындағы байламдар), синэластоздар (доғалары арасындағы байламдар), синхондроздар (омыртқа денелерінің арасында), синостоздар (сегізкөз омыртқалары арасында), симфиздер (омыртқа денелерінің арасында) және диартроздар (буындық өсінділері арасында). Барлық бұл қосылыстар сегментті, омыртқа бағанасының метамерлі дамуына сәйкес құрылған. Жеке омыртқалар бірігіп тұтас омыртқа бағанасын құратындықтан, омыртқа бағанасының бойымен орналасқан және оны біріктіріп, біртұтас етіп тұратын бойлық байламдар пайда болады. Нәтижесінде барлық омыртқа аралық қосылыстарды негізгі бөліктеріне сәйкес — омыртқа денелері арасындағы қосылыстар және доғалары арасындағы қосылыстар деп бөлуге болады.

## ОМЫРТҚА ДЕНЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚОСЫЛЫСТАР

Омыртқа денелері бір-бірімен байланысып, тұлғаның тірегі болып табылатын омыртқа бағанасын құрайтын болғандықтан, бір-бірімен (сонын ішінде сегізкөзбен) симфиздер, яғни *омыртқа аралық дискілер*, *disci intervertebrales* арқылы байланысады. Әрбір диск талшықты-шеміршекті табакшадан тұрады, оның шет жақтары тығыз дәнекер тінді талшықтардан құралған. Бұл талшықтар табакшаның шеттерінде өте мықты *фиброзды сақина*, *annulus fibrosus* құрайды, ал табакшаның ортасында жұмсақ талшықты шеміршектен тұратын *іркілдек ядро*, *nucleus pulposus* болады. Бұл ядро өте қатты жаншылған және үнемі кеңеюге ұмтылып тұрады (дискті кесіп қарағанда ол кесінді жазықтығынан қатты томпайып шығып тұрады); сондықтан ол серіппелі және сокқыларды буфер сияқты жұмсартып тұрады.

Бір-бірімен омыртқа аралық дискілер арқылы байланысып, омыртқа денелерінің тізбегін түзеді де, алдыңғы және артқы жағынан екі бойлық байламмен бекітіледі (5-сурет). *Алдыңғы бойлық байлам*, *lig. longitudinale anterius*, омыртқа денелерінің алдыңғы бетімен созыла орналасқан және ауыз омыртқаның алдыңғы доғасының төмпешігінен басталып сегізкөздің жамбастық бетінің жоғарғы бөлігіне дейін созыла орналасып, сол жерде сүйек қапқа бітісіп кетеді. Бұл байлам омыртқа бағанасының артқа қарай шектен тыс иіліп кетуіне кедергі жасайды. *Артқы бойлық байлам*, *lig. longitudinalis posterius*, II мойын омыртқадан бастап төмен қарай омыртқалар денесінің артқы бетімен омыртқа өзегінің ішімен *canalis sacralis*-тің жоғарғы шетіне дейін созылып жатады. Бұл байлам иілуге кедергі жасайды, алдыңғы бойлық байламға қызметі жағынан қарама-қарсы болып табылады (1-кесте).





**5-сурет.** Омыртқа аралық диск және доға-өсінділік буындар. Жоғарыдан карағандағы көрінісі: 1 — төменгі буындық өсінді; 2 — буын капшығы; 3 — буын қуысы; 4 — жоғарғы буындық өсінді; 5 — бел омыртқасының кабырғалық өсіндісі; 6 — фиброзды сакина; 7 — іркілдек ядро; 8 — алдыңғы бойлық байлам; 9 — артқы бойлық байлам; 10 — төменгі омыртқалық тілік; 11 — сары байлам; 12 — кылқан өсінді; 13 — кылқан үстілік байлам

## ОМЫРТҚА ДОҒАЛАРЫНЫҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

Доғалар бір-бірімен доғалар арасындағы немесе оның өсінділері арасындағы буындар және байламдар арқылы қосылысады.

1. Омыртқа доғалары арасындағы байламдар эластикалық талшықтардан тұрады, сары түсті болады, сондықтан да *сары байлам*, *ligg. flava* деп аталады. Эластикалық болғандықтан олар доғаларын жақындатуға тырысады және омыртқа аралық дискілердің серпімділігімен бірге омыртқа бағанасының тіктелуіне және тік жүруге мүмкіндік береді.
2. Қылқанды өсінділер арасындағы байламдар, *қылқан аралық*, *ligg. interspinalia*. Қылқан аралық байламдардың тікелей жалғасы ретінде жұмырлау келген тартпа түзеді де, ол қылқан өсінділердің ұштарының бойымен ұзын *қылқан үстілік байламдар*, *lig. supraspinalis* түзеді. Омыртқа бағанасының мойындық бөлігінде қылқан аралық байламдар қылқан өсінділердің ұшынан біраз шығып тұрады да, сагитталды орналасқан *желке байламын*, *lig. nuchae* түзеді. Желке байламы төрт аяқтыларда біршама жақсы жетілген, ол басты көтеріп ұстап жүруге көмектеседі. Адамның тік жүруіне байланысты желке байламы әлсіз дамыған; қылқан аралық және қылқан үстілік байламдармен бірге ол омыртқа бағанасының және бастың шектен тыс бүгілуін тежейді.
3. Көлденең өсінділер арасындағы байламдар, *көлденең аралық*, *ligg. intertransversaria*, омыртқа бағанасының қарама-қарсы бағытқа бүйірлік қозғалыстарын шектейді.
4. Буындық өсінділер арасындағы қосылыстар — *доға өсінділік буындар*, *articulationes zygapophysiales*, жалпақ, аз қозғалатын, үйлесімді болып келеді.

## СЕГІЗКӨЗ ЖӘНЕ ҚҰЙЫМШАҚ АРАСЫНДАҒЫ ҚОСЫЛЫСТАР

Олар жоғарыда айтып кеткен омыртқалар арасындағы қосылыстарға ұқсас, бірақ құйымшақ омыртқаларының рудименттік жағдайына байланысты әлсіз көрінеді. V сегізкөз омыртқасының денесі мен құйымшақ *сегізкөз-құйымшақ буыны*, *articuiatio sacrococcygea* арқылы байланысып, құйымшақтың туу кезінде артқа қарай иілуіне мүмкіндік береді.


Бұл қосылыстар барлық жағынан мына байламдармен бекітілген: *ligg. sacrococcygeae ventrale, dorsale profundum, dorsale superficiale et laterale*.

Доға өсінділік буындар қанды *a. vertebralis* тармақтарынан (мойын бөлігінде), *aa. intercostales post-*дан (кеуде бөлігінде), *aa. lumbales-*тен (бел бөлімінде) және *a. sacralis lateralis-*тен (сегізкөз бөлімінде) алады. Тамырлық қан *plexus venosi vertebrates* және одан әрі *v. vertebralis-*ке (мойын бөлігінде), *vv. intercostales posteriores-*ке (кеуде бөлігінде), *vv. lumbales-*ке (бел бөлімінде), *v. iliaca interna-*ға (сегізкөз бөлімінде) құйылады. Лимфаның ағуы: *nodi lymphatici occipitales-*ке, *retroauriculares-*ке, *cervicales profundi-*ге (мойын бөлігінде), *nodi intercostales-*ке (кеуде бөлігінде), *nodi lumbales-*ке (бел бөлімінде) және *nodi sacrales-*ке (сегізкөз бөлімінде) (2-кесте).

Жұлын жүйкелерінің артқы тармақтарынан сәйкес деңгейінде жүйкеленеді.

## ОМЫРТҚА БАҒАНАСЫНЫҢ БАС СҮЙЕКПЕН ҚОСЫЛЫСЫ

Омыртқа бағанасының бас сүйекпен қосылысы шар тәрізді буындағыдай үш білікте қозғалыс жасай алатын бірнеше буындардың үйлесуінен тұрады (6-сурет).



**6-сурет.** Мойын омырткалары мен шүйде сүйек арасындағы қосылыстар. Медиалды жағынан карағандағы көрінісі. Омыртқа бағанасы мен шүйде сүйек ортанғы сагитталды жазықтықта кесілген: 1 — шүйде сүйектің базилярлық бөлігі; 2 — білік омыртқаның тісі; 3 — ауыз омыртқаның крест тәрізді байламының жоғарғы бойлық будасы; 4 — жамылғы жарғақ; 5 — артқы бойлық байлам; 6 — артқы ауыз омыртқа-шүйде жарғағы; 7 — ауыз омыртқаның көлденен байламы; 8 — ауыз омыртқаның крест тәрізді байламының төменгі бойлық будасы; 9 — сары байламдар; 10 — қылқан аралық байлам; 11 — омыртқа аралық тесік; 12 — алдыңғы бойлық байлам; 13 — ортанғы ауыз омыртқа-білік буынының буын қуысы; 14 — ауыз омыртқаның алдыңғы доғасы; 15 — тіс ұшының байламы; 16 — алдыңғы ауыз омыртқа-шүйде жарғағы; 17 — алдыңғы ауыз омыртқа-шүйде байламы



Ауыз омыртқа-шүйде буыны, *art. atlantooccipitalis*, айдаршықты буындарға жатады; ол шүйде сүйектің екі айдаршығынан, *condyli occipitales*, және ауыз омыртқанын ойыстанған жоғарғы буындық шұңқырларынан, *foveae articulares superioris atlantis* түзіледі. Қосылатын екі жұп буындық беттер жеке буын қапшықтарында орналасады, бірақ қозғалысты бір уақытта бірге жасап, біртұтас үйлесімді буын құрайды. Көмекші байламдар:

- 1) алдыңғысы, *membrana atlantooccipitalis anterior*, ауыз омыртқаның алдыңғы доғасы және шүйде сүйек арасында керіліп орналасады;
- 2) артқысы, *membrana atlantooccipitalis posterior*, ауыз омыртқаның артқы доғасы және үлкен шүйде тесігінің артқы жиегі арасында орналасқан.

Ауыз омыртқа-шүйде буынында қозғалыс екі білікте жүзеге асады: фронталды және сагитталды. Олардың біріншісінде басын изеу қозғалыстары, яғни басты алға және артқа бұғу және жазу (келісім белгісі), ал екінші білікте — бастың оңға және солға иілуі. Сагитталды білік алдыңғы шетімен артқысына қарағанда сәл жоғары тұрады. Осылай қиғаш орналасудың арқасында білікте бастың бүйіріне иілуімен бір мезгілде басын сәл қарама-қарсы жаққа бұру да жүзеге асады.


**Ауыз омыртқа және білік омыртқа арасындағы буындар.** Бұл жерде үш буын бар. Екі латералды буын, *art. atlantoaxiales laterales*, ауыз омыртқаның төменгі буындық шұңқырларынан және онымен жанасатын білікті омыртқаның жоғарғы буындық шұңқырларынан түзіліп, үйлесімді қосылыс түзеді. Ортасында орналасқан тісі, *dens axis*, ауыз омыртқаның алдыңғы доғасымен буын құрайды және ауыз омыртқаның латералды массаларының ішкі беттері арасында керілген көлденең байлам, *lig. transversum atlantis* арқылы бекітіледі.

Білікті омыртқаның тісі ауыз омыртқаның алдыңғы доғасымен және көлденең байламнан түзілген сүйекті-фиброзды сакинамен қоршалған, осы жерде цилиндр тәрізді айналма буын, *art. atlantoaxialis mediana* түзіледі.

Көлденен байламдардың жиектерінен екі фиброзды шоғыр кетеді: біреуі жоғарыға, шүйде сүйектің үлкен тесігінің алдыңғы жиегіне, ал екіншісі төмен, білік омыртқаның денесінің артқы бетіне бағытталады. Бұл екі шоғыр көлденен байламмен бірге кресттәрізді байлам, *lig. cruciforme atlantis* түзеді. Бұл байламның үлкен қызметтік маңызы бар: ол біріншіден, білік омыртқаның тісі үшін буындык бет болып табылады және оның қозғалыстарын бағыттайды, ал екіншіден — оны орнынан шығып кетуден қорғайды, шығып кетсе жұлынды және шүйде сүйектің үлкен тесігіне жақын жатқан сопақша миды зақымдап, өлімге әкелуі мүмкін.

Көмекші байламдарға тістің ұшынан басталатын *lig. apicis dentis*, және оның бүйір беттерінен басталып шүйде сүйекке баратын *ligg. alaria* жатады.

Осы сипатталған барлық байланыс аппараты артқы омыртқа өзегі жағынан шүйде сүйектің ылдиынан басталатын жарғақпен, *membrana tectoria* (омыртқа бағанасындағы *lig. longitudinale posterius* жалғасы) арқылы жабылған.



7-сурет. Ауыз омыртқа-білік буыны

*Artt. atlantoaxiales*-те бір ғана қозғалыс жүзеге асады — басты вертикалды білікте айналдыру (басты оңға және солға айналдыру, келіспеу белгісі), бұл қозғалыс білікті омыртқаның тісі арқылы болады, бұл кезде бас тісті айнала ауыз омыртқа-

мен бірге қозғалады (цилиндр тәрізді буын). Бір мезгілде ауыз омыртқа және білік омыртқа арасындағы буындарда да қозғалыстар болады (7-сурет). Тістің ұшы айналма қозғалыстар кезінде *ligg. alaria* арқылы бекітіліп тұрады, ол қозғалысты реттейді және жақын жатқан жұлынды шайқалудан сақтайды. Бас сүйектің екі мойын омыртқасымен қосылыстарында қозғалыстар айтарлықтай емес. Бастың үлкен көлемді қозғалыстары көбінесе омыртқа бағанасының мойын бөлігі түгел қатысқанда болады. Бас сүйек-омыртқа қосылыстары адамда тік жүруге және басты көтеріп жүруге байланысты біршама жақсы дамыған.

## ТҰТАС ОМЫРТҚА БАҒАНАСЫ

Омыртқа бағанасы вертикалды орналасқанымен де, тік емес, сагитталды жазықтықта иілімдер түзеді. Иілімдер кеуде бөлігінде және сегізкөзде артқа қарай, ал мойын және бел бөлігінде — алға қарай дөнестеніп иілген. Артқа дөнестенген иілімдер — кифоздар, *kyphosis*, ал алға дөнестенген иілімдер — лордоздар, *lordosis* деп аталады. Нәрестелерде омыртқа бағанасы тік орналасқан деуге болады, иілімдері айқын емес. Бала басын ұстай бастаған кезде мойын аймағында иілім пайда болады, бастың көп бөлігі омыртқа бағанасының алдына қарай шығып тұрғандықтан, төмен түсіп кетуге бейім болады, сондықтан басты жоғары ұстап тұру үшін омыртқа бағанасы алға қарай иіледі, бұған баланың басын қайта-қайта көтеруі және оны сол күйде ұстап тұруға тырысуы кезінде бастың артқы топ бұлшықеттерінің жиырылуы себепкер болады. Осының нәтижесінде мойын лордозы пайда болады. Бұдан кейін отырған кезде кеуде кифозы, ал бала тұрып және жүре бастағанда басты иілім — бел лордозы пайда болады. Соңғысы пайда болған кезде жамбас алға қарай иіледі, ал онымен аяқтар байланысқан; омыртқа бағанасы, вертикалды жағдайда қалуы үшін бел бөлімінде иілуі керек, осыдан ауырлық орталығы

ұршық буыны білігінің артына қарай ауысады және осы арқылы тұлғаның алға қарай шығып кетуін болдырмайды. Екі лордоздың пайда болуы екі кифоздың (кеуде және сегізкөз-күйымшак) дамуына әкеледі, бұл денені вертикалды ұстап тұрған кезде тепе-теңдікті сақтау үшін керек. Осылай иілген омыртқа бағанасы эластикалық болуына байланысты бастын, қолдардың және тұлғаның ауырлық жүктемесін көтереді. Жүктеме көбейген сайын омыртқа бағанасындағы иілімдер үлкейеді, кері жағдайда кішірейеді. Омыртқа бағанасындағы иілімдер жүгіргенде және жай жүргендегі сокқылар мен шайкалулардың күшін жұмсартады, сокқының күші иілімдердің қисаюын күшейтіп, бас сүйекке және ондағы миға берілмеуіне жұмсалады. Осы айтылған иілімдерден басқа сагитталды жазықтықтағы омыртқа бағанасының кеуде бөлігінде фронталды жазықтықта орналасатын әлсіз білінетін, көбінесе он жаққа қарай иілген (сирек жағдайда — солға) иілім байқалады. Бұл омыртқа бағанасының бүйірлік қисаюы сколиоз, *skoliosis*, деп аталады. Мысалы, мектеп оқушылары ұзақ уақыт қозғалмай қисайып отырған кезде, омыртқа бағанасының айқын бүйірлік қисаюы — оқушы сколиозы пайда болады. Кейбір мамандық түрлерінде жұмыс кезінде тұлғаны үнемі қисайтып ұстағаннан жедел сколиоз дамиды. Сколиоздың алдын алу үшін сәйкес жаттығулар жасап жүру керек.

Қартайғанда омыртқа бағанасы өзінің иілімдерін жоғалтады; омыртқа аралық дискілердің қалыңдығы және омыртқалардың өздері де кішірейіп, омыртқа бағанасы эластикалық қасиетін жоғалтып, алға қарай иіледі де, бір үлкен кеуделік иілім (кәрілік бүкірлік) пайда болады, сонымен қатар омыртқа бағанасының ұзындығы айтарлықтай азаяды.

**Омыртқа бағанасындағы қозғалыстар.** Омыртқа аралық дискілер және байламдар көмегімен омыртқа бағанасы икемді және эластикалық вертикалды бағана түзеді, бұл жерде екі эластикалық жүйе бір-біріне қарсы әсер етеді: шеміршектер омыртқалардың бір-біріне жақындауына кедергі жасаса,



ал байламдар — бір-бірінен ажырап кетуге кедергі болады. Омыртқа бағанасын құрайтын сегменттер саны көп болғандықтан, жеке омыртқалар арасындағы ұсақ қозғалыстар бірігіп, бүкіл омыртқа бағанасына айтарлықтай қозғалғыштық береді. Ең көп қозғалатын — омыртқа бағанасының мойын және бел бөлімдері, ал азырақ қозғалатын — қабырғалармен қосылыстарына байланысты кеуде бөлігі. Сегізкөз мүлдем қозғалмайды.

Омыртқа бағанасында мынадай қозғалыстар болуы мүмкін:

- 1) фронталды білікте — бұғу және жазу;
- 2) сагитталды білікте — оңға және солға иілу;
- 3) вертикалды білікте — тұлғаны айналдыру (оңға және солға бұрылу).

Бұдан басқа айналма қозғалыстар, сонымен қатар сәйкес бұлшықеттерді жиырып немесе босансыта отырып иілімдерін үлкейтіп немесе тегістеу арқылы омыртқа бағанасын ұзарту және қысқарту (серіппелік қозғалыстар).

## ҚАБЫРҒАЛАРДЫҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

### ҚАБЫРҒАЛАРДЫҢ ТӨСПЕН ҚОСЫЛЫСТАРЫ

7 шынайы қабырғалардың шеміршекті бөлімдері төспен симфиздер немесе көбінесе жалпақ буындар, *articulatio sternocostales* арқылы байланысады. I қабырғалардың шеміршектері төспен тікелей бітісіп, синхондроздар түзеді. Бұл буындар алдынан және артынан сәуле тәрізді байламдармен, *ligg. sternocostalia radiata*, бекітіледі, олар төстің алдыңғы бетінде оның сүйек қабымен бірге тығыз қабық, *membrana sterni* түзеді. Жалған қабырғалардың әрқайсысы (VIII, IX және X) шеміршегінің алдыңғы шетімен жоғары тұрған қабырғаның шеміршегінің төменгі жиегімен тығыз дәнекер тін (синдесмоз) арқылы байланысады.

VI, VII, VIII ал кейде V қабырғалардың шеміршектерінің арасында *artt. interchondrales*, деп аталатын қосылыстар бар, олардың буындық қапшығы шеміршек қабы болып табылады.

Қабырғалардың төспен қосылыстары және *art. sternocivularis* (кейін қараныз) қанды *a. thoracica interna*-дан алады. Тамырлық қаны аттас тамырларға құйылады. Лимфасы терең лимфа тамырлары арқылы *nodi lymphatici parasternales et cervicales profundi*-ге барады. Жүйкеленуі *rr. anteriores nn. intercostales* арқылы (3-кесте).

## ҚАБЫРҒАЛАРДЫҢ ОМЫРТҚАЛАРМЕН ҚОСЫЛЫСТАРЫ

1. *Artt. capitis costae* қабырғалар бастарының буындық беттерінен және кеуде омыртқаларының *foveae costales*-терінен түзілген. II–X қабырғалардың бастарының буындық беттерінің әрқайсысы көршілес екі омыртқаның *foveae costales*-терімен қосылысады, бұл кезде қабырғалар бастарының қырынан омыртқа аралық дискіге буын ішілік байлам, *lig. capitis costae intraarticularis* кетеді де, буын қуысын 2 бөлімге бөледі. I, XI және XII қабырғалардың қосылыстарында *lig. intraarticulare* болмайды.

2. *Artt. costotransversariae* қабырғалардың төмпешіктері және көлденең өсінділердің қабырғалық шұңқырларының арасында түзіледі. Соңғы 2 қабырғаларда (XI және XII) бұл буын болмайды.

*Artt. costotransversariae* — көмекші байламдар, *ligg. costotransversarii*, арқылы бекітіледі. Қабырғалардың омыртқалармен қосылыстарының екеуі де қабырғалар мойнымен өтетін айналу білігі бойымен қозғалатын біртұтас үйлесімді буын түзеді.

Сөйтіп, қабырғалар омыртқалармен және төспен қосылыстардың барлық түрі бойынша байланысады. Бұл жерде

синдесмоз түріндегі (әр түрлі байламдар) синартроздар және синхондроздар, симфиздер (кейбір қабырғалардын шеміршектерінің және төстің арасындағы) және диартроздар (қабырғалар мен омыртқалар арасындағы және II—V қабырғалардын шеміршектері мен төстің арасындағы) бар.

## КОЛ СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ


### ИЫҚ БЕЛДЕУІ СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

1. Төс-бұғана буыны. *articulatio sternoclavicularis*, бұғананың төстік шеті мен төстің бұғаналық тілігінің арасында пайда болады (8-сурет). Буын қуысында буындық диск, *discus articularis*, орналасқан. Буын қапшығы мына байламдармен бекітілген: алдынан және артынан — *ligg. sternodaviculares anterior et posterior*, төменнен — *lig. costoclavicular* (I қабырғалардың шеміршектеріне) және жоғарыдан *lig. interclavicular* (бұғаналар арасында, *incisura jugularis* үстінде). Буын шар тәрізді қосылысқа ұқсайды, бірақ оның беттері ер-тоқым пішінді (8-сурет). Дегенмен дисктің болуынан бұл буындағы қозғалыстар үш білікте болады; сондықтан да, тек қызметі бойынша ол шар тәріздіге жатады. Басты қозғалыстар сагитталды білікте жүзеге асады — бұғананы көтеру және түсіру, вертикалды білікте — бұғананы алға және артқа қозғалту. Осы айтылған қозғалыстардан басқа бұғананы өз білігінде айналдыруға болады, бірақ ол үшін иық буынында бүгу және жазу қозғалысы қосымша болуы керек (9-сурет). Бұғанамен бірге жауырын, сонымен бірге бүкіл иық белдеуі қозғалысқа келеді. Атап айтқанда, жауырында қозғалыстар жоғарыға және төменге, алға және артқа, сонымен қатар, жауырын алдыңғы-артқы білікте айнала алады, бұл кезде оның төменгі бұрышы сыртқы қарай

жылжиды, бұл қолды горизонталды деңгейден жоғары көтергенде байқалады.

2. **Акромион-бұғана буыны**, *articulatio acromioclavicularis*, жауырынның акромиондық өсіндісін және бұғананың акромиондық шетін байланыстырады, олар эллипс тәрізді буындық беттерімен байланысып, бір-бірінен буындық диск, *discus articularis*, арқылы бөлінген. Буын қапшығы *lig. acromioclaviculare*-мен, ал барлық қосылыстар — бұғананың төменгі беті және *processus coracoideus scapulae* арасында тартылған мықты *lig. coracoclaviculare* арқылы бекітіледі. Борпылдақ шелмаймен толтырылған байламдардың ұңғылдарында кейде синовиалдық қап орналасады.

Рентген көрінісінде *articulatio acromioclavicularis* буындық саңылауы бұғана мен жауырынның қосылысатын




**8-сурет.** Төс-бұғана буыны. Алдынан карағандағы көрінісі. Оң жақта буын фронтальді тілікпен ашылған: 1 — бұғана аралық байлам; 2 — бұғананың төстік шеті; 3 — бірінші қабырға; 4 — қабырға-бұғана байламы; 5 — алдыңғы төс-бұғана байламы; 6 — бірінші қабырғаның қабырғалық шеміршегі; 7 — төс тұтқасы; 8 — төстің кеуекті заты; 9 — қабырға-төстік синхондроз; 10 — бірінші қабырғадағы синхондроз; 11 — буындық диск; 12 — төс-бұғана буынының буындық қуыстары



бөліктерінің айқын шеттерімен шектеледі, рентгенограммада қыртыстық қабат өте жіңішке болып көрінеді. Бұғананың буындық шеті өлшемдері бойынша акромионның сәйкес шетінен үлкендеу, сондықтан бұғананың жоғарғы беті акромионның сәйкес бетінен жоғары шығып тұрады. Бұғананың төменгі беті акромионмен бір деңгейде орналасады. Сондықтан акромин-бұғана буынының қалыпты жағдайын төменгі беттерінің контуры бойынша бағалайды, ол қалыпты жағдайда бір деңгейде болады (буын беттері орнынан шығып кеткенде немесе қозғалғанда бұғананың және акромионның төменгі беттері әр түрлі деңгейде орналасады, буындық шеттерінің арасы алыстайды).

3. **Жауырынның байламдары.** Бұғананы жауырынмен байланыстыратын байламдық аппаратынан басқа, буынға қатысы жоқ жауырынның үш меншікті байламы бар.




9-сурет. Төс-бұғана буынындағы қозғалыстар

Олардын біреуі, *lig. coracoacromiale*, иық буынының үстімен күмбез түрінде акромионның алдыңғы жиегінен *processus coracoideus*-ке қарай созылған, екіншісі, *lig. transversum scapulae superius*, жауырын тілігінің үстінде тартыла орналасып, оны тесікке айналдырады, ал үшінші байлам, *lig. transversum scapulae inferius*, әлсіздеу, акромионның негізінен бастап жауырын мойны арқылы буындық шұңқырдың артқы жиегіне барады; оның астында *a. suprascapularis* өтеді.

## ИЫҚ БУЫНЫ

Иық буыны, *articulatio humeri*, тоқпан жілікті және сол арқылы колдың еркін бөлігін түгел иық белдеуімен, атап айтқанда, жауырынмен байланыстырады (10-сурет). Буын түзуге қатысатын тоқпан жіліктің басының пішіні шар тәрізді. Онымен байланысатын жауырынның буындық шұңқыры жалпак шұңқыр тәрізді болады. Буындық шұңқырдың жиегінде шеміршекті буындық ернеу, *labrum glenoidale* орналасқан, ол қозғалысқа әсер етпей-ақ буындық шұңқырдың көлемін үлкейтеді, әрі тоқпан жілік басының қозғалыстары кезіндегі соғылу мен шайқалу күштерін жұмсартады. Иық буынының буындық қапшығы жауырындағы буындық шұңқырдың сүйекті жиегіне бекінеді де, тоқпан жіліктің басын камтып өтіп, анатомиялық мойнында аяқталады. Иық буынындағы көмекші байламдар ретінде құс тұмсық тәрізді өсінді негізінен басталып буын қапшығына бітісіп кететін тығыз талшықтар шоғыры, *lig. coracohumerale* болады. Жалпы иық буынында нағыз байламдар жоқ, ол иық белдеуі бұлшықеттерімен бекітіледі. Бұл жағдай, бір жағынан иық буынындағы кең көлемді қозғалыстарға оң әсер етіп, колдың еңбек мүшесі ретіндегі қызметіне қажет жағдай жасайды. Екінші жағынан, иық буынының әлсіз бекітілуінен оның орнынан жиі шығып кетуіне себеп болады.



**10-сурет.** Иық буыны

Синовиалдық қапшық, буын қапшығын ішінен астарлап, екі буыннан тыс буылтық түзеді. Оның біреуі, *vagina synovialis inter tuberculdris, sulcus intertubercularis*-те орналасқан екі басты бұлшықеттің ұзын басынын сіңірін қоршайды; екінші буылтық, *bursa subscapularis subtendinea, m. subscapularis*-тің жоғарғы бөлімінін астында орналасқан.

Нағыз көп білікті шар тәрізді буындық қосылыс болғандықтан, иық буынының қозғалғыштығы үлкен болады. Қозғалыстар басты үш білікте жасалады: фронталды, сагитталды және вертикалды. Бұдан басқа шеңбер тәрізді қозғалыстар

(циркумдукция) да болады. Фронталды білікте колда бұгу және жазу қозғалысы болады. Сагитталды білікте әкету және әкелу болады. Вертикалды білікте кол немесе аяқты сыртқа (супинация) және ішке (пронация) айналдыру болады. Қолды бұгу және оны әкету тек иық деңгейіне дейін ғана мүмкін болады, одан әрі қозғалса, оны буын қапшығының керілуі және тоқпан жіліктің жоғарғы шетінің жауырын акромионы және *lig. coracoacromiale* құрайтын күмбезге енуі тежейді. Егер қолдың қозғалысы горизонталды деңгейден жоғары болса, онда бұл қозғалыс иық буынында ғана емес, бүкіл кол иық белдеуімен бірге қозғалады, бұл кезде жауырын төменгі бұрышын алға және латералды жаққа жылжуы арқылы айналма жасайды.

Адамның қолы көп еркін қозғалыстар жасай алады. Біз қолымыз арқылы денеміздің кез-келген жерін ұстай аламыз және қол ұшын барлық бағытта қозғалтып, еңбек ете аламыз.

Иық буынының артқы рентгенограммасында екі жағы дөнес линзаға ұқсайтын *cavitas glenoidalis* көрінеді, медиалды жиегі *cavitas glenoidalis*-тің алдыңғы жарты шеңберіне сәйкес келеді және латералды, оның артқы жарты шеңберіне сәйкес келеді. Рентген көрінісінің ерекшеліктеріне байланысты медиалды контуры қалыңдау және анық, сондықтан жартылай сақина тәрізді пішін пайда болады, бұл қалыпты жағдай («анық жарты сақина симптомы»). Қартайғанда және кейбір ауруларда латералды контуры да айқын бола бастайды, бұл кезде *cavitas glenoidalis*-тегі қалыпты «жарты сақина симптомы» патологиялық «сақина симптомына» айналады.

Тоқпан жіліктің басы артқы рентгенограммада өзінің төменгі медиалды бөлігімен *cavitas glenoidalis*-ке қабат түседі. Оның контуры қалыпты жағдайда тегіс, анық, бірақ жұқа. *Cavitas glenoidalis scapulae* және *caput humeri* арасында иық буынының рентгендік саңылауы көрінеді. «Рентгендік буындық саңылау» иық буынында иілген саңылау тәрізді болады, *cavitas glenoidalis*-тің медиалды (алдыңғы) жиегі мен *caput humeri* арасында анық контурмен көрінеді. Иық буынының жартылай шығуы мен толық шығуын анықтау үшін, *articulatio*



*humeri*-дің буындық беттері арасындағы калыпты ара қатынасты білу керек.

Иык буыны *a. circumflexa humeri anterior*, *a. circumflexa humeri posterior*, *a. thoracoacromialis* (*a. axillaris*-тен) тармақтары құрайтын *rete articulare*-ден канданады.


Тамырлық қаны *v. axillaris*-ке құятын аттас тамырларға барады. Лимфасы — терең лимфа тамырлары арқылы — *nodi lymphatici axillares*-ке. Буын қапшығы *n. axillaris*-тен жүйкеленеді.

## ШЫНТАҚ БУЫНЫ

Шынтақ буыны, *articulatio ciibiti*. Шынтақ буынында үш сүйек қосылыс құрайды: тоқпан жіліктің дисталды шеті және шынтақ пен кәрі жілік сүйектерінің проксималды шеттері (II-сурет). Қосылатын сүйектер үш буын түзеді, олар бір буын қапшығында орналасады (күрделі буын): иык-шынтақ, *art. humeroulnaris*, иык-кәрі жілік, *art. humeroradialis*, және проксималды кәрі жілік-шынтақ, *art. radioulnaris proximalis*. Соңғысы аттас дисталды буынмен бірге қозғалып, үйлесімді буын түзеді.

Иык-шынтақ буыны буын беттері бұранда (винт) тәрізді, шығыршық тәрізді буын болып табылады. Тоқпан жілік жағындағы буындық беті шығыршық, *trochlea*; ондағы тілік (бағыттаушы тілік) шығыршық білігіне перпендикуляр, астында оған сәл бұрыш жасай орналасады, сөйтіп бұранда тәрізді жол пайда болады. Шығыршықпен шынтақ сүйектегі *incisura trochlearis* қосылысады, оның тоқпан жіліктің шығыршығындағы тілігіне сәйкес келетін айдаршығы болады.

Иык-кәрі жілік буыны *capitulum humeri*-дің кәрі жілік бағындағы шұңқырмен қосылысуынан пайда болады және пішіні бойынша шар тәрізді болып табылады, бірақ ондағы қозғалыс тек шынтақ буынына тән екі білікте жүзеге асырылады, себебі ол шынтақ буынының бір бөлігі болып табылады және олар-



11-сурет. Шынтақ буынындағы қосылыстар


мен байланысатын шынтақ сүйек оның қозғалыстарын шектеп тұрады.

Проксималды кәрі жілік-шынтақ буыны өзара қосылатын *circumferentia articularis radii* және *incisura radialis ulnae* арасында түзіледі және пішіні цилиндр тәрізді болады (бірінші типті айналма буын). Буын қапшығы тоқпан жілікте шынтақ шұңқырының артынан үштен екі бөлігін, алдынан тәждік және кәрі жілік шұңқырын қамтиды, айдаршық үстін бос қалдырады. *Ulna*-да ол *incisura trochlearis* жиегіне бекінеді. Кәрі жілікте мойнына бекініп, алдынан синовиалдық қабығы бұлтиып шығып — *recessus sacci humeris* түзеді. Алдынан және артынан қапшық бос, бүйірлерінде көмекші байламдар бар: *lig. collateral ulnare*, шынтақ жілік жағынан және *lig. collateral radiale*, кәрі жілік жағынан, фронталды білікте шеттерінде және оған перпендикуляр орналасқан. *Lig. collateral ulnare* тоқпан жіліктің медиалды айдаршық үстінен басталады және *incisura trochlearis ulnae* медиалды жиегіне айнала бекінеді. *Lig. collaterale radiale* тоқпан жіліктің латералды айдаршық үстінен басталады, екі аяқшасымен кәрі жілік сүйегінің басын алдынан және артынан қамтиды және *incisurae radialis ulnae*-нің алдыңғы және артқы жиектеріне бекінеді. Екі аяқшаның арасы фиброзды талшықтармен толған, олар кәрі жіліктің мойны және басын доға тәрізді қоршайды, бірақ олармен бітіспейді. Бұл талшықтарды *lig. annulare radii* деп атайды. Осындай байламдардың сақина тәрізді горизонталды жазықтықта, вертикалды айналу білігіне перпендикуляр орналасуынан, байлам кәрі жіліктің қозғалысын осы білікте бағыттайды және оның айналуына кедергі келтірместен ұстап тұрады.

Қозғалыстар шынтақ буынында екі түрлі болады. Біріншіден, бұл жерде фронталды білікте білекті бұғу және жазу орындалады; бұл қозғалыстар шынтақ сүйектің тоқпан жілік шығырымен қосылысқан жерінде жүзеге асады, осы кезде кәрі жілік те қозғалып, *capitulum* бойымен жылжиды. Фронталды біліктегі қозғалыстар көлемі — 140°.

Екінші қозғалыс кәрі жілік сүйегінің вертикалды білікте қозғалуында және ол иық-кәрі жілік буынында жүзеге асады, сонымен қатар проксималды және дисталды шынтақ-кәрі жілік буындарында да болады, соңғы екі буын бір кешенді айналма қосылыс түзеді. Кәрі жіліктің төменгі шетіне қол басы келіп байланысатындықтан, соңғысы кәрі жілікпен бірге қозғалады. Кәрі жілік айналған кезде шынтақ сүйектің төменгі бөлігіне бұрыш жасай қозғалып, ал қол басы сыртқы бетімен алға қарай айналса (қолдар төмен түсіп тұрған кезде), пронация, *pronatio* деп аталады. Қарама-қарсы қозғалыс кезінде білектің екі сүйегі де бір-біріне параллель орналасады, ал қол басы алақан жағымен алға айналса, супинация, *supinatio* деп аталады. Білектегі пронация және супинация кезіндегі қозғалыстар көлемі — шамамен  $140^\circ$ .

Шынтақ буыны аймағының рентгенограммасында бір мезгілде тоқпан жіліктің дисталды бөлімі және білек сүйектерінің проксималды бөлімдері көрінеді (12-сурет). Артқы және бүйір



12-сурет. Шынтақ буыны



көріністерінде бұл бөлімдердің барлық бөлшектері анық көрінеді. Бүйір көріністе *trochlea* және *capitulum humeri* бірінін үстінде бірі көрінеді, сондықтан олардын көленкесі топтасқан дөңгелектер түрінде көрінеді. *Articulatio humeroulnaris, articulatio humeroradialis, art. radioulnaris proximalis*-тердің «рентгендік буындық санылаулары» анық көрінеді.

Артқы рентгенограммада иық-кәрі жілік буынының санылауы ерекше анық көрінеді, бүйір көріністе ұзын бойына иық-шынтақ жілік буынының санылауы көрінеді.

Шынтақ буыны артериялық канды *aa. collateralis ulnares superior et inferior (a. brachialis-тен), a. collateralis media* және *collateralis radialis (a. profunda brachii), a. recurrens radialis (a. radialis-тен), a. recurrens interossea (a. interossea posterior-дан), a. recurrens ulnaris anterior et posterior (a. ulnaris-тен)* түзетін *rete articulare*-ден алады. Тамырлық қаны аттас тамырлармен қолдың терең тамырларына құйылады — *vv. radiales, ulnares, brachiales*. Лимфасы терең лимфа тамырларымен *nodi lymphatici cubitales*-ке барады. Буын қапшығын жүйкелендіретін *n. medianus, n. radialis, n. ulnaris*.

## БІЛЕК СҮЙЕКТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚОСЫЛЫСТАР

Бұл сүйектер бір-бірімен екі шеттеріндегі үйлесімді буындар — *art. radioulnaris proximalis* және *art. radioulnaris distalis* арқылы қосылысады. Басқа бөліктері ұзын бойына сүйек аралық жарғақ арқылы байланысады. *Art. radioulnaris proximalis* шынтақ буынының қапшығында орналасқан және жоғарыда сипатталды.

*Art. radioulnaris distalis* шынтақ сүйектің басының *circumferentia articularis* және кәрі жіліктің *incisura ulnaris*-інен пайда болады. Бұл қосылыстардың түзілуіне сонымен қатар үшбұрыш пішінді шеміршекті табақша, *discus articularis*, қатысады, ол жалпақ негізімен *incisura ulnaris*-тің төменгі жиегіне, ал

ұшымен — шынтақ сүйектің біз тәрізді өсіндісіне бекінеді. Дисталды кәрі жілік-шынтақ буыны пішіні бойынша цилиндр тәрізді, айналу білігі вертикалды және осындай проксималды буынмен қызметі жағынан тұтас үйлесімді буын түзеді.

Сүйек аралық жарғақ, *membrana interossea*, мықты фиброзды жылтыр табақша (синдесмоз), кәрі жілік пен шынтақ сүйектердің *margo interossea*-лары арасында керілген және білек бұлшықеттері бекінуі үшін негіз болып табылады. Жарғақтың жоғарғы жиегінің астында тесік орналасқан, ол жерде *art. interossea posterior* өтеді. Жарғақтың төменгі бөлігінде де тамырлар өтетін бірнеше тесік болады; олардың ішінде ең үлкенінен *a. interossea anterior* өтеді.

## БІЛЕК СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОЛ БАСЫМЕН ҚОСЫЛЫСТАРЫ

Шынтақ және кәрі жілік сүйектерінің эпифиздері бірбірімен проксималды және дисталды кәрі-шынтақ жілік буындарымен байланысады. Бұл сүйектердің *margo interosseus* арасында фиброзды жарғақ (синдесмоз), *membrana interossea antebrachii*, тартылған, оның ортаңғы бөлімі мықтырақ болады. Ол білектің екі сүйегін байланыстырады, бірақ проксималды және дисталды кәрі-шынтақ жілік буындарындағы қозғалыстарға кедергі жасамайды; одан білектің терең бұлшықеттерінің біраз бөлігі басталады. Проксималды кәрі-шынтақ жілік буынынан төмен қарай, сүйек аралық жарғақтың жоғарғы жиегінің үстінде, білек сүйектерінің арасында фиброзды будан тартылған, оны қиғаш хорда, *chorda obliqua*, деп атайды.

Жоғарыда айтылғандай, *articulatio radioulnaris proximalis articulatio cubiti* құрамына кіреді. *Articulatio radioulnaris distalis* — дербес буын, буын беттерінің пішіні бойынша проксималды буынға ұқсайды. Бірақ ондағы буындық тілік (*incisura ulnaris*) кәрі жілік сүйегінде орналасқан, ал басы шынтақ сүйекпен

байланысады және пішіні цилиндр тәрізді (*circumferentia articularis ulnae*), ол *caput ulnae*-нің буындық айналымының жартысын алып жатады. Кәрі жілік сүйегінің шынтақтық тілігінің төменгі жиегі және *processus styloideus ulnae* арасында фиброзды шеміршек — *discus articularis* орналасады, оның пішіні екі беті сәл ойыстанған үшбұрыш тәрізді табақша түрінде болады. Ол дисталды кәрі-шынтақ буынын кәрі жілік-білезік буынынан бөліп тұрады және шынтақ сүйектің басына арналған буындық шұңқыр түзеді. *Articulatio radioulnaris distalis*-тің қапшығы бос, мықты, буындық беттердің шеттеріне және буындық дискіге бекінеді. Дисталды кәрі-шынтақ буынының сүйектері арасындағы қуыс қап тәрізді томпайма, *recessus sacciformis*, түзеді.

Проксималды және дисталды кәрі-шынтақ буындары — анатомиялық дербес, яғни екі бөлек жерде орналасқан, бірақ әркашан бірге қозғалады, сөйтіп үйлесімді буын құрайды. Оның білігі қолды жазып тұрғанда иық буынының вертикалды білігінің жалғасы болып табылады, онымен бірге қолдың конструкциялық білігін құрайды. Бұл білік *caput humeri*, *capitulum humeri*, *caput radii* және *caput ulnae* орталықтары бойымен өтеді. Оның бойымен кәрі жілік айналады: оның жоғарғы эпифизи екі буында қозғалады (*articulatio radioulnaris proximalis* және *articulatio humeroradialis*), төменгі эпифизи, *articulatio radioulnaris distalis*, шынтақ сүйек басында доға тәрізді айналады. Бұл кезде шынтақ сүйек қозғалмай тұрады. Кәрі жілік сүйегі қол басымен бірге айналады. Бұл қозғалыстардың түрлері: сыртқа айналу — супинация, *supination* және ішке айналу — пронация, *pronatio*. Анатомиялық қалыпта супинация кезінде қол басы алақанымен алға айналады, бас бармақ латералды орналасады; пронация кезінде — алақан артқа айналады, бас бармақ медиалды орналасады.

Кәрі-шынтақ буындарында айналу көлемі шамамен 180° құрайды. Егер бір мезгілде иық және жауырын экскурсия жасайтын болса, онда қол басы 360°-қа айналуы мүмкін. Кәрі жілік сүйегінің айналуы шынтақ сүйек қандай қалыпта, яғни



ол жазылып тұрғаннан толық бүгілгенге дейінгі қалыпта тұрса да кедергісіз өтеді.

**Кәрі жілік-білезік буыны, *art. radiocarpea*.** Көптеген сүтко-ректілерде ол шығыршық тәрізді болады. Пронация және супинация жасауға бейімділігінің қалыптасу деңгейіне байланысты кәрі жілік және шынтақ сүйек арасында бөлек буын — дисталды кәрі-шынтақ буыны, *art. radioulnaris distalis*, дамиды, ол проксималды кәрі-шынтақ буынымен бірге вертикалды айналу білігі бар тұтас үйлесімді қосылыс түзеді. Бұл үйлесімді қосылыста кәрі жілік сүйегі шынтақ жілікті айнала қозғалады, сондықтан кәрі жіліктің дисталды эпифизи айтарлықтай үлкейеді. Шынтақ сүйектің дисталды эпифизи керісінше, дамуда артта қалады және кәрі жіліктен қысқалау болады, бірақ бұл жерде арнайы буындық диск, *discus articularis*, пайда болады. Адамда супинация және пронация көлемі үлкенірек болғандықтан, *discus articularis* дамудың ең жоғарғы деңгейіне жетеді және пішіні үшбұрышты талшықты-шеміршекті табакша түрінде, *fibrocartilago triangulare*, болады, ол кәрі жілік сүйегінің дисталды эпифизимен бітіседі және онымен бірге кәрі жілік-білезік буынының проксималды бөлімінің буындық шұңқырын түзеді. Сөйтіп, шынтақ сүйек кәрі жілік-білезік буынына тек аталған шеміршекті диск арқылы ғана байланысады, бұл буынға тікелей байланысы болмайды, сондықтан бұл буынның проксималды бөлімі білек-білезік буыны деп емес, кәрі жілік-білезік буыны деп аталады.


Жоғарыда айтылғандарға сәйкес *art. radiocarpea* буындық шұңқыры кәрі жіліктің *facies articularis carpea* және *discus triangularis*-тен құралған, ал бұл буынның буындық басы — білезік сүйектерінің (*os scaphoideum, lunatum et triquetrum*) бірінші қатарының проксималды беттерінен түзіледі, олар бір-бірімен сүйек аралық байламдармен, *ligg. intercarpea* арқылы байланысады. Буынға қатысатын сүйектердің санына байланысты буын күрделі болып табылады, ал буындық беттерінің пішіні бойынша эллипс тәрізді, екі айналу білігі (сагитталды және фронталды) бар.



## ҚОЛ БАСЫ СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

1. Білезіктің орталық буыны, *art. mediocarpea*, білезік сүйектерінің бірінші және екінші қатарының арасында орналасқан, оған бұршақ тәрізді сүйек кірмейді, дән тәрізді сүйек болып табылады. Бұл буынның буындық шұңқырын білезік сүйектерінің бірінші қатарының дисталды беттері құрайды. Білезіктің екінші қатарының проксималды беті буындық басын құрайды.

Қол басы буындарының екеуінің де (кәрі жілік-білезік және білезіктің орталық буыны) жеке буындық қапшықтары бар, олар буындық беттерінің жиектеріне бекінген (13-сурет). Кәрі жілік-білезік буынының қапшығын бекітуге кәрі жілік және шынтақ жілік жақтарынан қосымша байламдар қатысады, олар: *lig. collaterale carpi radiale*, кәрі жіліктің біз тәрізді өсіндісінен басталып қайық тәрізді сүйекке бекінеді, және *lig. collaterale carpi ulnare*, шынтақ сүйектің біз тәрізді өсіндісінен басталып, *os triquetrum* және *os pisiforme*-ге бекінеді. Кәрі жілік-білезік буынының алақандық бетінде *lig. radiocarpeum palmare* орналасқан, ол кәрі жіліктің біз тәрізді өсіндісінен және буындық бетінің жиегінен жалпақ болып басталып, бірнеше буда түрінде *os scaphoideum*, *lunatum*, *triquetrum et capitatum* сүйектеріне бекінеді. Кәрі жілік-білезік буынының қапшығы сыртқы жағынан *lig. radiocarpeum dorsale* арқылы бекітіледі, ол кәрі жіліктен басталып, білезіктің бірінші қатарының сүйектеріне бекінеді. Кәрі жілік-білезік буынының сүйектерге бекінетін жерлерінде оларға қан тамырлары және жүйкелер кіреді, егер олар операция кезінде зақымдалатын болса, сүйектерде патологиялық өзгерістер болады. *Art. mediocarpea* қапшығы өзара байланысатын соңғы төрт білезік-алақан буындарын да қамтиды. *Art. mediocarpea*-дан басқа білезіктің



13-сурет. Кол басы сүйектерінің қосылыстары

бөлек сүйектері бір-бірімен сүйек аралық байламдармен, *ligg. intercarpea interossea*, байланысады және бір-біріне қараған буындық беттерімен қосылыстар түзеді. Мұндай буындар білезік аралық, *articulationes intercarpeae* деп аталады.

Білезік аралық қосылыстар бір сүйектен екінші сүйекке көлденең бағытталған бірнеше қысқа байламдар арқылы байланысады, сырт жағында *ligg. intercarpea dorsalia*, және алақан жағында, *ligg. intercarpea palmaria*. Алақан жағында бұдан басқа басты сүйектен басқа сүйектерге таралатын будалар, *lig. carpi radiatum*, орналасады.

Кол басы буындарындағы қозғалыстар бір-біріне перпендикуляр біліктермен қозғалады, фронталды білікте (бүгу және жазу) және сагитталды білікте (әкету және әкелу). Бұл қозғалыстар айналу білігіне перпендикуляр және екі шетінде орналасқан байламдармен тежеледі, олар: жанама — фронталды біліктің шеттерінде, сыртқы және алақандық — сагитталды білік шеттерінде. Сондықтан алдымен сагитталды біліктегі әкету және әкелу тежеледі, ал екіншіден — фронталды біліктегі бүгу және жазу тежеледі. Барлық екі білікті буындардағы сияқты, бұл жерде сонымен қатар *circumductio* болады, ол кезде саусақ ұштары дөңгелек сызады.

Кәрі жілік-білезік буыны қанды *a. radialis*, *a. ulnaris*, *aa. interossea anterior et posterior* тармақтарынан түзілген *rete articulare*-ден алады. Тамырлық қаны аттас тамырлар арқылы білектің терен тамырларына — *vv. ulnares*, *vv. radiales*, *vv. interossea*-ге құйылады. Лимфасы терен лимфа тамырлары арқылы *nodi lymphatici cubitales*-ке құйылады. Жүйкеленуі — *n. radialis*, *n. ulnaris*, *n. medianus* арқылы.

2. Бұршак тәрізді сүйектің қосылыстары, *art. ossis pisiformis*, жеке буын болып табылады, онда бұршак тәрізді сүйек *os triquetrum*-мен байланысады. Бұршак тәрізді сүйектен екі байлам басталады: *lig. pisohamatum*, ілмек тә-

різді сүйекке және *lig. pisometacarpeum*, III–V алақан сүйектерінің негізіне бекінеді. Бұл байламдар *m. flexor carpi ulnaris* сіңірінің жалғасы болып табылады, оның арасында аталған дән тәрізді сүйек орналасады.

Бүккіштердің ұстағышы, *retinaculum flexbrum*, қол басы буындарына тікелей қатысы жоқ; ол *eminentia carpi radialis*-тен көпірше тәрізді болып *eminentia carpi ulnaris*-ке білезік жүлгесі, *sulcus carpi*, арқылы өтіп, оны өзекке, *canalis carpi*, айналдырады. Бұл өзектің ішінде *n. medianus*, сонымен қатар саусак бүккіштерінің сіңірлері өтеді, сондықтан да байламдар — *retinaculum flexorum* деп аталады.

3. Білезік-алақан буындары, *artt. carpometacarpeae*, білезік сүйектерінің екінші қатарынан және алақан сүйектерінің негіздерінен түзілген. Бас бармақтың білезік-алақан буынынан басқа бұл буындардың барлығы жалпак, сыртынан да, алақандық жағынан да тығыз керілген байламдармен, *ligg. carpometacarpea dorsalia et palmaria*, бекітілген, сондықтан бұл жердегі қозғалыстар мардымсыз. Мұнда бір немесе екінші жаққа қарай 5–10° жылжу болуы мүмкін. Олар қатты керілген буындар тобына жатады, қол басының негізгі бөлігін мықтап бекітіп ұстап тұрады және алақанға күш түсіретін бұлшықеттер — саусак бүккіштерінің жиырылуы кезінде қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Шынашақтың білезік-алақан буынында қозғалыс көлемі үлкенірек болады. V алақан сүйегінің негізінің буындық беті ер-тоқым тәріздіге ұқсас болғандықтан, шынашақ шектеулі деңгейде бас бармаққа қарсы тұра алады. Қапшықпен қоршалған білезік-алақан буындарының жалпы қуысы көлденең саңылау түрінде болады және ол білезік ортанғы және алақан аралық буындармен байланысады. Айтылған алақан аралық буындар, *artt. intermetacarpeae*, 4 соңғы алақан сүйектерінің бір-біріне жанасқан негіздері арасында орналасады; бұл сүйектердің негіздерінің қосылысатын беттері мықты байламдармен,



*ligg. metacarpea interossea*, байланысады. Алақан аралық буындардың қапшығы көлденең орналасқан сыртқы және алақандық байламдармен, *ligg. metacarpea dorsalia et palmaria*, бекітілген.

4. Бас бармақтың білезік-алақандық буыны, *art. carpometacarpea pollicis*, басқа білезік-алақандық буындардан мүлдем бөлек және олардан құрылымы мен қозғалғыштығы бойынша ерекшеленеді. Ол бір-бірімен ер-тоқым тәрізді буындық беттерімен қосылысатын және жалпақ буын қапшығымен қапталған *os trapezium*-мен I алақан сүйегінің негізінен құралған. Нағыз ер-тоқым тәрізді буын болғандықтан бұл жерде бір-біріне перпендикуляр біліктерде қозғалады: көлденең білік, *os trapezium* арқылы өтеді, және сагитталды, I алақан сүйегінің негізі арқылы өтеді. Бұл біліктердің біріншісінде бас бармақты оның алақан сүйектерімен бірге бүгу және жазу жасалады, бірақ білік көлдененнен гөрі қиғаштау орналасқандықтан, саусақ бүгілген кезде алақан жаққа қарай шынашаққа және басқа саусақтарға карама-карсы орналасады. Бұл қозғалыс карама-карсы кою, *oppositio*, деп аталады; кері қозғалыс *repositio* деп аталады. Сагитталды біліктегі қозғалыстарға бас бармақты сұқ саусаққа әкелу және әкету жатады. Әкету және әкелу кезіндегі қозғалыс көлемі 45–60° құрайды және карама-карсы кою мен керу қозғалу кезінде 35–40° құрайды. Осы айтылған қозғалыстардан басқа *circumductio* да болады. I саусақтың ер-тоқым тәрізді буыны адамның еңбек қозғалыстарына байланысты жетіліп отырады.
5. Алақан-саусақ буындары, *artt. metacarpophalangeae*, алақан сүйектерінің дөңес бастары мен проксималды бунақтардың негізіндегі шұңқырларының арасында түзіледі, пішіні бойынша эллипс тәріздіге жақын. Байланыс аппараты екі қосымша байламнан, *ligg. collateralia* тұрады, олар алақан сүйектері бастарының шынтақ жілік пен кәрі жілік беттеріндегі шұңқыршақтардан басталып,

проксималды бунактар негізінің бүйір жақтарына қиғаш бекінеді. Алақандық жағында талшықты шеміршектері бар буылтық, *lig. palmare*, орналасады. Осы буылтыққа байланысты II–V алақан сүйектерінің бастары арасында алақандық жағында көлденен мықты фиброзды байламдар, *ligg. metacarpea transversa profunda*, орналасады. Алақан-бунақ буындарындағы қозғалыстар екі білікте қозғалады: фронталды — барлық саусақтарды бүгу және жазу, ал қозғалыстар көлемі  $90-100^\circ$  және сагитталды — саусақтарды  $45-50^\circ$  әкету және әкелу. Соңғы қозғалыстарды тек саусақтар жазулы кезде, *ligg. collateralia*, бос тұрғанда жасауға болады; бүккен кезде олар керіліп, бүйірлік қозғалыстарға кедергі жасайды. Осы айтылған қозғалыстардан басқа, саусақ айтарлықтай көлемде айналма қозғалыс, *circumductio*, жасай алады.

6. Бунақ аралық буындар, *artt. interphalangeae manus*, көршілес бунақтардың бастары және негіздері арасында түзіледі, типті шығыршық тәрізді қосылыстар, көлденен (фронталды) білікте бүгу және жазу қозғалыстарын жасай алады.

Қосалқы байламдар, *ligg. collateralia*, буынның бүйірлерінде орналасады. Рентгендік көрінісінде қол басының алақандық жағында оны түзетін сүйектер және оның бөлшектері көрінеді. «Рентгендік буындық санылаулар» сәйкес сүйектердің буындық беттері арасындағы ашық жолақ түрінде көрінеді.

Кәрі жілік-білезік буынында «рентгендік санылау» медиалды жағында осы жерде орналасқан рентген сәулелерін ұстай алмайтын буындық дискіге (үшбұрышты шеміршек) сәйкес кеңейген.

Қол басы қаңқасының негізгі сүйектерінен басқа, рентгендік көріністе қосымша немесе тұрақсыз сүйектер де кездеседі:

- 1) *os centrale carpi* — жануарларда болатын сүйек, рудимент ретінде қарастырылады, *ossa trapezium, capitatum et scaphoideum* арасында орналасқан;

- 2) *os styloideum* — III алақан сүйегінің *processus styloideus*-інің дербес дамуынан пайда болған;
- 3) *os trapezoideum secundarium* — *os trapezoideum*-нің қосарлануы деп қарастырады;
- 4) *os triangulare* — кәрі жілік сүйегінің *processus styloideus*-інің бітіспеген бөлігі.

Бұл тұрақсыз сүйектер диагностикалық қателіктердің себебі болуы мүмкін.

Қол басы буындары қан тамырларын терең алақандық артериалық доғадан және *rete carpi palmare et dorsale*-ден алады. Тамырлық қаны қол басының терең тамырларына және одан әрі *vv. ulnares, radiales, interosseaе*-ларға құйылады. Лимфасы терең лимфа тамырларымен *nodi lymphatici cubitales*-ке құйылады. Буын қапшығы *n. medianus, n. radialis, n. ulnaris* тармақтарымен жүйкеленеді.

## АЯҚ СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

### ЖАМБАС СҮЙЕКТЕРІНІҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

*Жамбас сүйектерінің қосылыстары*, адамда тік жүруіне байланысты ішкі ағзалардың ұсталып тұратын жері және тұлғаға түскен жүктеменің аяқтарға ауысатын жері болып табылады, сондықтан да бұл жерге өте үлкен жүктеме түседі. Шеміршек арқылы қосылысқан жеке сүйектер бір сүйекке бітісіп жамбас сүйегін құрайды, яғни синхондроз синостозға айналады. Бірақ екі қасаға сүйектерінің қосылған жеріндегі синхондроз синостозға ауыспайды, симфиз түрінде қалады.

Екі жамбас сүйегінің сегізкөзбен қосылысы қозғалғыштықпен мықтылықты қажет ететіндіктен, шынайы буын — диартроз құрап, байламдармен (синдесмоз) мықтап бекітіледі.

Адамның жамбас сүйегінде қанқанын даму кезеңдерін көрсететін қосылыстардың барлық түрі кездеседі: синдесмоздар (байламдар) түріндегі синартроздар, синхондроздар (жамбас

сүйектерінің бөліктері арасында) және синостоздар (олар біртұтас жамбас сүйегіне біріккеннен кейін), симфиз (қасағалық) және диартроздар (сегізкөз-мықындық буын). Жалпы жамбас сүйектері арасындағы қозғалғыштық үлкен емес (4–10°).

1. **Сегізкөз-мықын буыны**, *art. sacroiliaca*, қатты буындарға (амфиартроз) жатады, сегізкөз және мықын сүйектерінің бір-біріне жанасатын құлақ тәрізді буындық беттерінен түзілген. Оны *tuberositas iliaca* және сегізкөз арасында орналасқан адам денесіндегі ең мықты байламдар болып табылатын қысқа будалар, *ligg. sacroiliaca interossea*, бекітеді. Бұдан басқа бұл буынды сегізкөз және мықын сүйекті байланыстыратын мына байламдар да бекітеді: алдынан — *ligg. sacroiliaca ventralia*, артынан — *ligg. sacroiliaca dorsalia*, сонымен қатар V бел омыртқасының көлденең өсіндісінен *crista iliaca*-ға қарай керілген, *lig. iliolumbale*.

Сегізкөз-мықын қосылысы қан тамырларын *aa. lumbalis, iliolumbalis et sacrales laterales*-терден алады. Тамырлық қаны аттас тамырларға құйылады. Лимфасы терең лимфа тамырлары арқылы *nodi lymphatici sacrales et lumbales*-ке құйылады. Буынның жүкеленуі бел және сегізкөз өрімінің тармақтары арқылы.

2. **Қасаға симфизі**, *symphysis pubica*, ортаңғы сызық бойында орналасып, екі қасаға сүйекті өзара байланыстырады. Бұл сүйектердің бір-біріне қараған *facies symphysis*-тері гиалин шеміршегімен жабылған, олардың арасында талшықты-шөміршекті табакша, *discus interpubicus*, болады, ондағы синовиалды санылау (жартылай буын) 7 жастан бастап пайда болады. Қасаға симфизі тығыз сүйек қаппен және байламдармен бекітілген; жоғарғы жиегінде — *lig. pubicum superius* және төменгі жиегінде — *lig. arcuatum pubis*.
3. **Lig. sacrotuberale және lig. sacrospinale** — екі берік сүйек аралық байламдар, сегізкөзді екі жағынан жамбас сүйектермен байланыстырады: біріншісі — *tuber ischii*-мен, екіншісі — *spina ischiadica*-мен.



Осы айтылған байламдар жамбастың сүйекті негізін артқы төменгі бөлімінде толықтыра отырып, үлкен және кіші шонданай тіліктерін аттас тесіктерге: *foramen ischiadicum majus et minus*-қа айналдырады.

4. **Жапқыш жармақ**, *membrana obturatoria*, — фиброзды табакша, жамбастағы *foramen obturatum*-ды жауып тұрады, тек жоғарғы латералды бұрышында ғана тесік үшін орын қалады. Қасаға сүйектегі *sulcus obturatorius*-тің жиектеріне бекініп, аттас өзек, *canalis obturatorius*, пайда болады, бұл жерден жапқыш тамырлар және жүйке өтеді.

## ҰРШЫҚ БУЫНЫ

Ұршық буыны, *art. coxae*, жамбас сүйектің жарты шар тәрізді ұршық шұңқырынан, *acetabulum*, дәлірек айтқанда, ондағы *facies lunata*-дан және оған кіріп тұратын ортан жілік басынан түзіледі. Ұршық шұңқырының жиегімен талшықты-шеміршекті ернеу, *labium acetabulare*, өтеді, ол шұңқырды тереңдете түседі, сөйтіп шұңқырдың тереңдігі шардың жартысынан асады. Бұл ернеу *incisura acetabuli* үстінде көпірше түрінде орналасып, *lig. transversum acetabuli* түзеді. Ұршық шұңқыры гиалинді буындық шеміршекпен тек *facies lunata* деңгейінде ғана жабылған, ал *fossa acetabuli* борпылдақ майлы тінмен және ортан жілік басының байламдарының негізімен толған. *Acetabulum*-мен қосылысатын ортан жілік басының буындық беті шардың үштен екі бөлігін құрайды. Ол гиалиндік шеміршекпен жабылған, тек *fovea capitis* кана ортан жілік басының байламы бекінетін болғандықтан шеміршекпен жабылмайды. Ұршық буынының буындық қапшығы ұршық шұңқырының барлық жиегіне бекінеді. Ортан жілікте буын қапшығы алдынан *linea intertrochanterica*, ал артынан ортан жілік мойнында *crista intertrochanterica*-ға параллель, одан сәл медиалды өтеді. Буын қапшығының ортан жілікте осылай бекінуіне байланысты ортан жілік мойнының көп бөлігі буын қуысының ішінде қалады.

Ұршық буынында сонымен қатар екі буын ішілік байламдары бар: *lig. transversum acetabuli* және *lig. capitis femoris*, біріншісі ұршық шұңқырының тілігінде орналасса, екіншісі ұршық шұңқыры тілігінің жиегінен және *lig. transversum acetabuli*-ден басталады да, *fovea capitis femoris*-ке бекінеді. Ортан жілік басының байламы ұршық шұңқырының түбінен көтерілген синовиалды қабықпен қапталған. Ол буынға түсетін сокқыларды жұмсартатын эластикалық төсеніш болып табылады, сонымен қатар, ортан жіліктің басына қарай тамырлардың өтетін жері болады. Сондықтан бұл қабық ортан жіліктің мойны сынған кезде аман қалса, онда бұл жердегі сүйек тіні өлмейді.

Ұршық буыны шектеулі шар тәрізді қосылысқа (тостаған тәрізді буын) жатады, шектеулі болса да онда үш білікте: фронталды, сагитталды және вертикалды біліктерде қозғалыстар жүзеге асады. Сонымен қатар, дөңгелек қозғалыс, та болуы мүмкін—*circumductio*.

Фронталды білікте аяқты бұғу және жазу жүзеге асады. Бұл екі қозғалыстың ең үлкені — бұғу, себебі бұл жерде артынан ортан жілік мойнына бекінбегендіктен фиброзды қапшығы керілмейді. Тізе бүгілгенде 118–121° құрайды, сондықтан аяқ барынша бүгілгенде ішке жанасады; тізе буынын жазғанда қозғалыс азырақ (84–87), себебі оны санның артқы тобының бұлшықеттері керіп ұстап тұрады, ал тізені бүккенде олар босансып тұрады. Бүгілген аяқты жазу вертикалды қалыпқа дейін жүзеге асады. Әрі қарай қозғалу өте мардымсыз (шамамен 19), себебі ол *lig. iliofemorale*-нің керілуінен тежеледі; егер оған қарамастан біз аяқты одан әрі жазатын болсақ, онда екінші аяқта ұршық буынын бұғуге тура келеді. Сагитталды білікте аяқты (немесе бір мезгілде латералды жақтарға кеткен аяқтарды) әкелу және кері қозғалыс, яғни ортанғы сызыққа жақын тұрған аяқтарды әкелу жүзеге асады. Әкету 70–75°-қа дейін мүмкін болады. Вертикалды білікте аяқты ішке және сыртқа айналдыру жүзеге асады, ол көлемі бойынша — 90°.

Айналу білігінің негізгі үш білігіне сәйкес буынның сыртында үш байлам болады: үш бойлық (*ligg. iliofemorale, pu-*

*bofemorale et ischio-femorale*) — горизонталды білікке перпендикуляр (фронталды және сагитталды) және дөңгелек (*zona orbicularis*), вертикалды білікке перпендикуляр.


1. *Lig. iliofemorale* буынның алдыңғы жағында орналасқан. Бекінетін жері — *spina iliaca anterior inferior*, ал басталатын жері — *linea intertrochanterica*. Ол жазуды тежейді және тік жүрген кезде дененің артқа құлауына кедергі жасайды. Сондықтан адамда бұл байламдар өте жақсы жетілген, олар адам денесіндегі байламдардың ең мықтысы болып табылады, 300 кг жүкті көтере алады.
2. *Lig. pubofemorale* буынның медиалды-төменгі жағында орналасқан, қасаға сүйектен басталып, кіші ұршыққа бекінеді және буын қапшығына бітісіп кетеді. Ол әкетуді және сыртқа айналууды тежейді.
3. *Lig. ischiofemorale* буынның артынан шонданай сүйектегі *acetabulum* жиегінен басталады, ортан жілік мойнының үстінде латералды жүре отырып, буын қапшығына бітісіп кетеді де, үлкен ұршығының алдыңғы жиегінде аяқталады. Ол ортан жіліктің ішке айналуын тежейді және *ligamentum iliofemorale*-нің латералды бөлігімен бірге әкелуді тежейді.
4. *Zona orbicularis* дөңгелек талшықтардан құралған, буын қапшығының терең қабатында бойлық байламдардың астында орналасады және ортан жілік мойнын ілмек сияқты іліп тұрады, жоғарғы жағында сүйекке *spina iliaca anterior inferior* астына бекінеді. Дөңгелек орналасқан *zona orbicularis* санның айналма қозғалыстарына сәйкес келеді.

Айта кету керек, тірі адамда байламдар шегіне жетіп керілмейді, себебі оларды сол буынның айналасындағы бұлшықеттер тежеп тұрады.

Ұршық буынындағы байламдардың көп болуы, киғаштау орналасуы және буындық беттерінің конгруентті болуынан бұл буындағы қозғалыстар иық буынымен салыстырғанда шектеулі болады, сонымен қатар аяқтарға түсетін көп жүктемені көтеру

үшін бұл буын өте берік болады. Осы қозғалыс шектеулері мен беріктік аркасында бұл буында иық буынымен салыстырған буын шығуы сирек кездеседі.

Ұршық буынының әр түрлі қалыптарының рентгендік көрінісінде ұршық буынының және ортан жіліктің барлық бөлшектері көрінеді (14-сурет).



**14-сурет.** Оң ұршық буыны (буын қапшығы кесілген және ортан жіліктің басы ұршық ойығынан алынған): 1 — санның тік бұлшықеті; 2 — ұршық ойығы; 3 — ортан жілік басының байламы (дөңгелек байлам); 4 — ортан жіліктің басы; 5 — буын қапшығы; 6 — жапқыш жарғақ; 7 — ұршық ойығының көлденең байламы; 8 — жарты ай тәрізді бет; 9 — майлы тін



Ұршық ойығы (*acetabulum*) рентгенологиялық жағынан түбіне және төбесіне бөлінеді. Ойықтың түбі медиалды жағынан конус тәрізді ашық түспен шектелген («көз жасы пішіні»), ол шонданай сүйек денесінің алдыңғы бөлігіне сәйкес келеді. Ұршық ойығының төбесі (*fossa acetabuli*-дің жоғарғы жиегі) дөңгеленген: патологиялық жағдайларда ол үшкірленеді. Буындық басы, *caput femoris*, рентгенограммада дөңгелек пішінді және шеттері тегіс, *fovea capitis femoris* тұрған жері ғана ойыс, бұдырлы болып көрінеді, оны сүйектің зақымдалу ошағы деп қалмау керек. Рентгендік көріністе ортан жілік басы мен ұршық ойығының төбесі арасында «рентгендік буындық санылау» көрінеді.

Адамның жыныстық, жастық және конституциялық ерекшеліктерін есепке алу үшін ортан жілік мойны мен диафизі арасындағы бұрышты есептеу керек. Тірі адамда бұл бұрышты тек рентгендік сәулелер арқылы ғана анықтауға болады.

Ересек ер адамда ол шамамен 130–135, балаларда үлкенірек, қарттарда азырақ, ал әйелдерде ер адамдарға қарағанда аздау.

Ұршық буыны артериялық қанды *a. circumflexa femoris medialis et lateralis* (*a. profunda femoris*-тен) және *a. obturatoria*-дан түзілген *rete articulare*-ден алады. Соңғысынан бөлінген *r. acetabularis*, ортан жілік басына *lig. capitis femoris* арқылы өтеді. Тамырлық қаны санның және жамбастың терен тамырлары арқылы — *v. profunda femoris*, *v. femoralis*, *v. iliaca interna*-ларға құйылады. Лимфасы терен лимфа тамырлары арқылы *nodi lymphatici inguinales profundi*-ға құйылады. Буын қапшық *nn. obturatorius, femoralis et ischiadicus*-термен жүйкеленеді.

## ТІЗЕ БУЫНЫ

Тізе буыны, *art. genus*, қосылыстардың ішіндегі ең үлкен және сонымен бірге ең күрделісі болып табылады. Себебі бұл жерде аяқтың ең ұзын иінірегі (ортан жілік және сирақ сүйектері) қосылысады, олар жүрген кезде ең көп қозғалыс

көлемін жасайды. Оны құруға қатысатын сүйектер: ортан жіліктің дисталды шеті, асықты жіліктің проксималды шеті және тізе тобығы. Ортан жілік айдаршықтарының *tibia*-мен қосылысатын буындық беттері көлденең және сагитталды бағыттарда дөнестеу келген, кесілген эллипсоидқа ұқсайды. Асықты жіліктегі ортан жілік айдаршықтарымен қосылысатын *facies articularis superior* сәл ойыстанған гиалин шеміршекпен жабылған екі буындық аймақтан тұрады; соңғылары екі буын ішілік шеміршектер немесе менисктерден, *meniscus lateralis et medialis*, тұрады, олар ортан жілік пен асықты жілік айдаршықтарының буындық беттері арасында орналасқан.

Әрбір мениск үш қырлы, ортасы ойыстау, шеттері қалыңдау табакша болып табылады, шеттері буын қапшығымен бітіскен, ал ішке қараған үшкірленген жиегі бос. Латералды мениск медиалдыға қарағанда ойыстау; соңғысы пішіні бойынша жарты айға көбірек ұқсайды, ал латералды дөңгелекке жақын. Екі менисктің шеттері алдынан және артынан *eminentia intercondylaris*-ке бекінеді. Алдынан екі менисктің арасында фиброзды буда орналасады, ол *lig. transversum genus* деп аталады.

Буын қапшығы ортан жіліктің, асықты жіліктің және тізе тобығының буындық беттерінің жиектерінен сәл артқа қарай бекінеді.

Сондықтан ортан жілікте ол алдынан жоғары көтеріліп, *facies patellaris*-ті айналып өтіп, екі бүйірінде айдаршықтар және айдаршық үстілері арасында өтеді де, соңғыларын бұлшықеттер және байламдар бекінуі үшін буын қапшығы сыртында қалдырады, ал артынан айдаршықтардың буындық беттерінің жиектеріне дейін төмен түседі. Бұдан басқа, алдынан синовиалдық қапшық үлкен бұралу, *bursa suprapatellaris*, түзеді, ол ортан жілік пен санның төрт басты бұлшықеті арасында созыла орналасады. Кейде *bursa suprapatellaris* тұйықталып, тізе буыны қуысынан бөлек орналасуы мүмкін. Асықты жілікте буын қапшығы айдаршықтардың буындық беттерінің жиектеріне бекінеді. Тізе тобығында ол шеміршекті бетінің жиектеріне бітісіп, буын қапшығының алдыңғы бөліміне еніп

тұрғандай көрінеді. Буынның бүйірлерінде фронталды білікке перпендикуляр жанама байламдар орналасады: медиалды жағында, *lig. collaterale tibiale* (ортан жіліктің *epicondylus medialis*-інен басталып, *tibiae*-нің жиегіне бекініп, буын қапшығымен және медиалды менискпен бітісіп кетеді), және латералды жағында, *lig. collaterale fibulare* (*epicondylus lateralis*-тен басталып, *fibulae* басына бекінеді). Тізе буыны қапшығының артқы жағында буын қапшығына бітісіп кететін екі байлам бар — *lig. popliteum arcuatum* және *lig. popliteum obliquum* (*m. semimembranosi*-дің сінірлерінің соңғы 3 будасының біреуі). Тізе буынының алдыңғы жағында санның төрт басты бұлшықетінің сінірі орналасады, ол *patella*-ны қамтып өтіп, қалың, мықты байлам, *lig. patellae*-ге айналады да, тізе тобығының ұшымен келіп, *tuberositas tibiae*-ге бекінеді.

